

БІЗДІҢ СТУДЕНТ ТҰҒЫРДАН КӨРІНДІ!



5 - бетте

АШЫҚТЫҚ ПЕН ЖАРИЯЛЫЛЫҚ: ҚОҒАМ АЛДЫНДАҒЫ ЕСЕП



7 - бетте

ЖЫРДЫҢ ЖАРЫҚ ЖҰЛДЫЗЫ - ФАРИЗА



13 - бетте




**АТЫРАУ
UNIVERSITY**

Газет 2000 жылдың
сәуір айынан шығады

Университет

Х.ДОСМҰХАМЕДОВ АТЫНДАҒЫ АТЫРАУ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ БАС
ИЗДАНИЕ АТЫРАУСКОГО УНИВЕРСИТЕТА ИМ. Х.ДОСМУХАМЕДОВА

№7-8 (141-142)
Қараша, 2024 жыл



ХАЛЕЛДІҢ ХАТЫ

«Алаш» ұлттық-демократиялық партиясының жетекші қайраткерлерінің бірі, қазақтың талантты перзенті Халел Досмұхамедов туралы Ресейдегі, әсіресе Санкт-Петербургпен тығыз байланысты өмірі мен қызметі жайындағы әңгімеміз оның Нева жағалауындағы Әскери медициналық академияда (ӘМА) оқып жүріп, Орал әскери реалдық училищесінде бірге оқыған досы, Қазан қаласындағы Ветеринарлық институттың студенті Ғұбайдолла Бердиевке 1904 жылдың 7 қазан күні «Сенің Қалелің» деп қол қойып жолдаған, агентуралық жолмен алынған хаты туралы болмақ (1-2 сурет). Халел бұл кезде Санкт-Петербургтің Ломанский тұйық көшесіндегі №4 «б» үйдің №11 пәтерінде тұрған (3-сурет).

Жалғасы 9-бетте



www.asu.edu.kz



media@asu.edu.kz



[atyrauuniversity_official](https://www.instagram.com/atyrauuniversity_official)



Атырау университет





БІЛІМ АЛУШЫЛАРМЕН ДӘСТҮРЛІ КЕЗДЕСУ

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті өз қызметінде ең әуелі басшылық пен білім алушылар арасында сенімді қарым-қатынас орнатып, қала берді қоғам алдында ашықтық қағидатын қатаң ұстанады. Осы ұстаным негізінде екі күн бойы басқарма төрағасы-ректор Саламат Идрисов Көптілді білім беру, Экономика және құқық, Гуманитарлық ғылымдар және өнер, Физика, математика және

ақпараттық технологиялар, Жаратылыстану ғылымдары, Инновациялық білім беру факультеттерінің студенттерімен ашық кездесулер өткізді.

Кез келген өтініш-тілектер емін-еркін айтылуы үшін кездесулер тек ректор мен студенттер арасында өтті. Ашық кездесу барысында білім алушылар сұрақтарын қойып, сыни көзқарастарын, маңызды ұсыныстарын ортаға салды.

Сондай-ақ, креативті идеялар, стартап жобалар ұйымдастыру туралы ойларымен бөлісіп, мағыналы пікірталас өрбіді.

Білім алушылардың басшылыққа өз ұсыныс-пікірлерін еркін жеткізіп, қалыс қалған жағдайларды ашық баяндауына мүмкіндік беру мақсатында ұйымдастырылған жиында университет ректоры Саламат Идрисов айтылған ұсыныстарды қабылдап, оң көзқарас таныта оты-

рып, сұрақтарға толымды жауап беріп, көтерілген мәселелердің оңды шешілуін өз басшылығына алды. Кейбір мәселелердің шешілу мерзімі ұзақ уақытты талап ететінін ескерте отырып, тиісті құрылымдық бөлімшелерге тапсырма беріп, жіті қадағалайтынын жеткізді.

Студенттер осы күнге дейін өздеріне көрсетілген қолдау мен мүмкіндіктер үшін университет басшылығына ризашылықтарын білдірді.



ЖАС ҒАЛЫМДАРДЫҢ ПІКІРТАЛАС АЛАҢЫ



Өңірдегі бірден бір ғылыми орталық саналатын Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде жас ғалымдардың гранттық қаржыландыру конкурсы аясында бірнеше «Science Safe» отырысы өтті.

Жыл сайын ұйымдастырылатын гранттық қаржыландыру конкурстарының басты мақсаты – жоғары білікті және бәсекеге қабілетті зерттеушілерді қалыптастыру, ғылымда дарынды жастарды тарту және бекіту, жас зерттеушілердің үлесін арттыру.

Ал «Science Safe» – ғылымға, қазіргі ғылыми зерттеулердің жаңа нәтижелеріне, өнертабыстар мен технологияларға қызығушылық танытқан ғалымдар, магистранттар мен студенттер арасындағы бейресми қарым-қатынасқа арналған пікірталас алаңы.

Ең бірінші отырыста PhD доктор Гүлдана Бекова «Гранттық ғылыми жобаларды қаржыландырудағы шығындарды жоспарлау» тақырыбында университет профессор-оқытушыларына семинар өткізіп, гранттық қаржыландыру жобаларын тіркеу, өтінім мазмұны мен бюджетін жасау мәселелері төңірегінде құнды ақпараттармен бөлісті.

Келесі оффлайн жиын Зияткерлік меншік құқықтарын қорғау сұрақтарына арналды. Мұнда Информатика кафедрасының қауымдастырылған профессоры, PhD доктор Мақсат Рахметов пен Химия және химиялық технология кафедрасының меңгерушісі, PhD доктор Жанар Қадашева

зияткерлік меншік құқықтарын сақтау және қорғау туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

«Science Safe»-нің тағы бір отырысында PhD доктор Саяхат Карекенова гранттық конкурсқа өтінім берудегі басты талаптар, жарияланымдарға сараптама, жоба мүшелеріне қатысты негізгі шарттарды, ұсынылатын жобаның материалдық-техникалық базасын, ескеру қажет мәліметтерді түсіндіре отырып, «2025–2027 жылдарға арналған жас ғалымдардың гранттық қаржыландыруға арналған конкурстық құжаттамасын әзірлеудегі басшылық» тақырыбында баяндама жасады.

Өз кезегінде PhD доктор Қарлығаш Аширханова «Ғалымдарға арналған «Türkiye Bursları» және «Tübitak» грантына өтінім беру үлгісі» бойынша сөз сөйлеп, Түркия мемлекетінің ғалымдарға ұсынатын мүмкіндіктері мен жоба бағдарламалары, тіл үйрену курстары, ғылыми академиялық демалыс секілді құнды ақпараттармен бөлісті.

Тұтастай алғанда, әрбір іс-шарада спикерлер қатысушылардың отандық және шетелдік гранттық қаржыландыру бағытындағы түрлі сауалдарына толық жауап беріп, мазмұнды пікірталас орнады. Бұл өз кезегінде жоғары оқу орны қабырғасындағы жас ғалымдардың гранттық жобаларға қатысу көрсеткішін едәуір арттыруға септігін тигізеді деп күтілуде.

Назерке ЖАҢБЫРБАЙ



ЖУРНАЛИСТЕРГЕ АРНАЛҒАН ЖИЫН

Бүгінгідей толассыз ақпарат үстемдік құрған заманда салалық журналистиканы дамыту – өзекті мәселелердің бірі. Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті қабырғасында осы мақсатта «Мұнай – газ, экологиялық бағыттардағы салалық журналистиканың ерекшеліктері» атты республикалық семинар өтті.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі ұйымдастырған іс-шараға аталған министрлік және БАҚ өкілдері, Атырау университеті Журналистика және қоғаммен байланыс кафедрасының профессор-оқытушылар құрамы мен студенттері қатысты.

«Бұл іс-шара өңіріміздегі түйткілді тақырыптарды жариялау кезінде БАҚ пен жергілікті атқарушы органдар арасындағы коммуникацияларды жетілдіруге, сондай-ақ кәсіби журналистердің өзара және студенттермен тәжірибе алмасып, біліктілігін арттыруына орасан ықпал етеді деп

рысында «Қазба байлықтарымызды өндіруші алпауыт компаниялар халықпен қандай байланыс орнату керек? Оған дәнекер болатын ақпарат құралдарының жұмысы қалай жүзеге асады?» деген сауалдарға жауап аламыз деп ойлаймын», – деді басқарма төрағасы-ректор Саламат Идрисов кіріспе сөзінде.

Ал Мәдениет және ақпарат министрлігінің БАҚ саласындағы мемлекеттік саясат департаментінің директоры Қайнар Ахетов «Масс-медиа туралы» заңның негізгі ережелерін, ондағы өзгерістерді түсіндіре отырып, журналистердің қоғамдағы мәртебесін көтеру, мемлекеттік басылымдардың мемлекеттік сатып алуға қатыспай-ақ гранттық қаржыландыруға ие болуы секілді қатысушылар тарапын қызықтырған сұрақтарға жауап берді.

«Өздеріңіз білетіндей, журналистер «Көп жағдайда мемлекеттік органдардан қажетті ақпаратты уақытылы ала алмаймыз» деп уәжін айтып жатады.



журналистердің жұмысын барынша жеңілдетуге бағытталған заң жүйесі. Одан бөлек, гранттық қаржыландыру мәселесі де қолға алынып жатыр», – деп атап өтті департамент директоры Қайнар Қаниұлы.

Мұнай-газ секторы, саладағы инфрақұрылым, өңірдегі экологиялық мәселелер, қоғамның психологиялық қауіпсіздігі секілді тақырыптар төңірегінде «Ембімұнайгаз» АҚ қоғаммен байланыс тобының жетекшісі Ғалия Қаражанова, Халықаралық Еуразиялық Теле-радио Академиясының академигі, филология ғылымдарының кандидаты Мәншүк Мұқашева, «Балаларға қосымша білім беру» оқу-әдістемелік және ғылыми-практикалық орталығының бөлім басшысы Шынар Туkenова, «Мағыналы бизнес» PR-агенттігі» ЖШС бас директоры Лаура Сулейменова, «Прикаспийская коммуна» газетінің журналисі Тимур Казиев, «Атырау» газетінің бас редакторы Назарбек Қосшиев, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті Журналистика және қоғаммен байланыс кафедрасының аға оқытушысы Ләззат Мажитова баяндама жасады.

«Баспасөз қызметі – компанияның беделін қалыптастыратын, қоғамның оған деген сенімін нығайтуға және дағдарыстық жағдайларды басқаруда үлкен рөл атқаратын бірегей құрал. Заманауи үрдістер мен технологияларды баспасөз қызметінің жұмысына енгізу қоғамға компанияның жауапкершілігінің ашықтығын көрсету арқылы қиындықтарды тиімді еңсеруге мүмкіндік береді. Яғни, баспасөз қызметі – компанияның сыртқы ортамен ашық диалогтарын қамтамасыз ететін көпір. Бұл орайда корпоративтік коммуникацияны дамытуда баспасөз қызметінің салмағы үнемі арта береді. Біз осыны барынша тиімді жолдармен шешуге тырысамыз», – деді «Ембімұнайгаз» АҚ қоғаммен байланыс тобының жетекшісі Ғалия Аманбайқызы.

Оқыту іс-шарасында қатысушылар мұнай-газ саласының негіздері және қалыптасу тарихы, энергостатистикамен жұмыс істеу ерекшеліктерімен танысып, мұнай-газ өнеркәсібіндегі оқиғаларды талдау дағдыларын меңгерді.

Ақнұр ҚАЛИМАТОВА



сенемін. Семинардың өтуіне ұйытқы болған Мәдениет және ақпарат министрлігіне ризашылығымды білдіремін.

Атырау өңіріндегі мұнай-газ саласының жай-жапсары, оның экологияға әсері – журналистер тарапынан ұдайы айтылып та, жазылып та келеді. Дегенмен семинар ба-

Осыны оңтайландыру мақсатында соңғы қабылданған заңнамаға сәйкес ақпарат алу мерзімі жеті күннен бес жұмыс күніне қысқартылды. Шұғыл ақпарат алу 3 күн ішінде деп бекітілсе, төтенше жағдай кезінде 2 сағаттың ішінде мемлекеттік органдар өкілдері БАҚ қызметкеріне хабар таратуы міндеттелді. Бұл да –

КАЗАХСТАНСКИЙ ОПЫТ НА МЕЖДУНАРОДНОЙ ПЛАТФОРМЕ

Пандемия COVID-19 изменила не только наш привычный образ жизни, но и подходы к образованию, заставив преподавателей по всему миру искать новые форматы взаимодействия со студентами. Именно в это время я познакомилась с платформой Coursera, которая предоставляет доступ к курсам ведущих университетов и экспертов. Для меня эта встреча стала поворотным моментом: я поняла, что в условиях, когда традиционные формы обучения перешли в онлайн, можно создать курс, доступный широкой аудитории, и помочь студентам освоить востребованные навыки.

Идея создания собственного курса «Основы бизнес-планирования» возникла из потребности адаптироваться к новым условиям и сделать учебный материал доступным не только для студентов университета, но и для обучающихся по всему миру. При поддержке Атырауского университета имени Х.Досмұхамедова я разработала курс и разместила его на локальной платформе moos-asu.edu.kz, что позволило протестировать идеи и получить первые отзывы студентов.

После года кропотливой работы по совершенствованию курса и его адаптации к требованиям современных образовательных стандартов, мы отправили работу на проверку Республиканскому учебно-методическому Совету при КазНУ имени аль-Фараби. Эксперты Совета высоко оценили содержание, структурированность и актуальность курса для обучения навыкам бизнес-планирования. Их положительная оценка стала важным шагом к запуску курса на международной платформе Coursera, что сделало его доступным для обучающихся по всему миру.

На протяжении всего пути особую поддержку оказывал проректор по академическим вопросам Чукуров А.Е., чья методологическая помощь вдохновляла и направляла меня на каждом этапе. Искреннюю благодарность хочу выразить также ректору Атырауского университета имени Х.Досмұхамедова, Идрисову С.Н., чья материальная поддержка после размещения курса на



Coursera подчеркнула значимость вклада в развитие цифрового образования.

18 октября 2024 года в Астане состоялась значимая для меня встреча в рамках международного форума «ConnectEd 2024: Innovate. Educate. Elevate». На сессии под названием «Расширение возможностей казахстанского образования с помощью генеративного ИИ: Формирование будущего обучения» я встретила коллег, создателями MOOK, и экспертами в области онлайн-образования. На мероприятии меня наградили сертификатом Министра науки и высшего образования Казахстана Саясат Нурбек и управляющий директор Coursera по странам Европы, Ближнего Востока и Африки Николя Фуко. Их признание, а также обмен опытом с такими специалистами, как Барбара Оакли, которая является признанным экспертом в обла-

сти онлайн-образования добавили ценности моему профессиональному пути и укрепили стремление развивать казахстанское образование.

Создание курса на международной платформе стало не только личным достижением, но и важным шагом в представлении казахстанского опыта на мировой арене. Я уверена, что курс «Основы бизнес-планирования» станет полезным инструментом для всех, кто стремится развить навыки бизнес-планирования и получить актуальные знания, которые необходимы в современном мире. Мы надеемся, что казахстанский опыт, представленный на Coursera, внесёт свой вклад в формирование будущего цифрового образования.

Айнұр ТАЖИДЕНОВА,
старший преподаватель
Факультета экономики и права

ЖАЗУШЫ-ҒАЛЫМ МҰРАСЫ НАСИХАТТАЛДЫ

Атырау – қашан да ақынын ардақтап, қаламгерін қастерлеп, ұлыларын ұлықтаған қасиет-кепиетке толы өлке. Бұл даладан шыққан тағы бір мықты – Жылыойдың, дәлірек қазіргі Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы, Қарақұм өңірінің тумасы, филология ғылымдарының кандидаты Қабиболла Сыдиықұлы. Осы ретте Атырау университетінде жазушы-ғалымның 90 жылдығы аясында оның рухына тағзым ету, мұрасын насихаттау бағытында дөңгелек үстел өтті.

Аталмыш жиынға «Батыс өңірі жазушыларының шығармашылығын зерттеу» ғылыми-зерттеу орталығының жетекшісі, филология ғылымдарының докторы Қадір Жүсіп, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің Құрметті профессоры, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Каспий өңірі ғылыми академиясының академигі Төлеген Жаңабайұлы, Қабиболла Сыдиықовтың шәкірттері Қаржаубай Сұлтанғалиев пен Хамза Ғабдуллин, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті Қазақ тілі және әдебиеті кафедрасының қауымдастырылған профессоры, филология ғылымдарының кандидаты Жайлы Балтоғаева және Х.Б.Табылдиев атындағы ғылыми-зерттеу институтының ғалымдары мен студенттер қатысты.

Іс-шарада Қабиболла Сыдиықұлының өмір жолы мен шығармалары талқыланып, құнды ақпараттар айтылып, қатысушылар ұсыныс-пікірлерін ортаға салды.

Айта кетсек, Қабиболла Сыдиықұлы – Атырау оқытушылар институтының және Қазақ университетінің қазақ тілі мен әдебиеті бөлімінің түлегі. Еңбек жолында 1950–55 жылдары Атырау



облысы, Жылыой ауданының халық ағарту саласында, 1960–69 жылдары Атырау педагогикалық институтында оқытушы, аға оқытушы, доцент міндетін атқарушы, 1969–82 жылдары Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының М.О.Әуезов атындағы әдебиет пен өнер институтының әдебиет тарихы бөлімінде кіші, аға ғылыми қызметкер болып жұмыс істеді. 1982–84 жылдары Форт-Шевченко қаласындағы Т.Шевченко мемориалдық музей-кешенінің директоры болды. 1984 жылдан

өмірінің соңына дейін М.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының аға ғылыми қызметкері болып еңбек етті.

Ол – Шалғез, Абыл, Махамбет, Қашаған, Ораз, Есет, Нұрым, Ақтан, Қалнияз, Аралбай, Сәттіғұл, Ерімбет, Мұрын, Досы, Әкімалы, Елбай, Қашқынбай, Досжан (Есентемір), Досжан (Тама), Насихат, т.б. сөз зергерлері мен әдеби, мәдени мұралар хақында 300–ден аса еңбектің авторы.

Ақнұр ҚАЛИМАНОВА

ҰЛЫ ҚАЛАМҒЕР ҰЛАҒАТЫ

Биыл – қазақтық көрнекті жазушысы, ұлттық әдебиеттің негізін салушылардың бірі Бейімбет Майлиннің туғанына 130 жыл толып отыр. Атаулы датаға орай Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде «Ұлылардың ұлағаты» атты әдеби-танымдық іс-шара өтті.

Ғылыми кітапхана ұжымы мен қазақ тілі және әдебиеті кафедрасының студенттері бірігіп ұйымдастырған кездесудің негізгі мақсаты – заңғар жазушының шығармашылығы мен өмір жолын насихаттап, студенттердің төл әдебиетімізге деген қызығушылығын арттыру.

Бейімбет Майлин – ұлт тарихындағы ұлық есім саналатын «Үш бәйтеректің» бірі, поэзия, проза, драма жанрларында бірдей өнімді еңбек еткен классик жазушы. Оның «Шұғаның белгісі», «Раушан коммунист» сияқты адалдық пен сүйіспеншілік, адамгершілік пен қайырымдылық сияқты мәңгілік құндылықтарды насихаттайтын шығармалары қазақ әдебиетінің алтын қазынасына айналды.

Жоғарыда айтылған, оқытушы-профессорлар қауымы мен студенттер қатысқан жиынды алғаш болып ғылыми кітапхана жетекшісі Жомарт Ибатоллаұлы құттықтау сөзімен ашып берді. Әдеби-танымдық кездесу барысында қаламгердің сан қилы тағдырынан, өмір жолынан сыр шертетін бейне-жазба көрсетіліп, оның туындылары туралы тың деректер мен құнды мәліметтер айтылды. Бір топ студенттер ақынның өлеңдерін мәнерлеп оқыса, Берік Әсемай, Айгерім Жайсаңбекқызы сынды ақынжанды студенттер тарихи тұлға рухына тағзым ретінде арнау өлеңдерін көпшілікке паш етті.

Сондай-ақ Бейімбет Майлиннің өмірдерегінен викторина мен жиынға қатысушылар арасында «Шығарманы тауып көр» атты қызықты ойын ұйымдастырылды.

Іс-шара соңында қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының оқытушысы, магистр Милена Саматқызы сөз алып, тағылымды кездесуді өткізуге мұрындық болған кітапхана ұжымына, қазақ тілі және әдебиеті, филология мамандықтарының студенттеріне алғысын білдірді.

Назерке ЖАНБЫРБАЙ



ПАРА ВОЛЕЙБОЛШЫЛАР – УНИВЕРСИТЕТ ҚАБЫРҒАСЫНДА

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде волейболдың отырып ойнау түрінен ҚР чемпионатының 13 дүркін жеңімпазы атанған Атырау облыстық пара волейбол клубының ойыншыларымен кездесу өтті.

Дене шынықтыру және бастапқы әскери дайындық кафедрасының ұйымдастырумен өткен жиынға оқытушы-профессорлар қауымы мен студенттер қатысты.

Атырау облысында параволейбол спорты 2002 жылдан бастап дамып келеді. Бүгінде атыраулық команда елімізде 13 дүркін чемпион атанды.

Команданың бас жаттықтырушысы Бауыржан Тахауов бастап, жаттықтырушылары Расул Иманғалиев пен Ернар Матеуов қостаған жеңімпаз ойыншылар спорттық мансаптарындағы қызықты естеліктерімен бөлісіп, мотивацияға толы әңгіме өрбітті.

Іс-шара барысында студенттер өздеріне қажетті тәжірибені жинап, ойыншыларға сұрақтар қойып, ашық пікірталас өрбіді.

Кездесу соңында қатысушылар Атырау облыстық пара волейбол клубының ойыншыларымен естелік суретке түсті.



БІЗДІҢ СТУДЕНТ ТҰҒЫРДАН КӨРІНДІ!

Жуырда елордада Beeline Arena спорт сарайында парадзюдодан Grand Prix жарысы өткен еді. Турнир барысында 10 салмақта жүлделер сарапқа салынып, ерлер 70, 81, 95, +95 келіде, ал әйелдер 52, 60, 70, +70 келіде белдесті.

Бұл жарыста Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Гуманитарлық ғылымдар және өнер факультеті, Музыка және өнер кафедрасының 2-курс студенті Альфия Тлекқабыл да бақ сынап, күміс медаль еншілеп, биік тұғырдан көрінді.

Екі күнге созылған дода соңында Альфия командалық сайысқа қатысып, Қазақстан құрама командасы жалпы есепте «чемпион» атанып та үлгерді.

Дарынды спортшының спорттық мансабына жетістіктер мен сәттілік тілейміз!



10 желтоқсан – Халықаралық адам құқығы күні

АДАМ ҚҰҚЫҒЫНЫҢ АЛҒАШҚЫ АНЫҚТАМАСЫ

Бүкіл әлем бойынша 10 желтоқсанда адам құқығы күні атап өтіледі. 1948 жылы 10 желтоқсанда БҰҰ Бас Ассамблеясы Адам құқықтарының жалпыға ортақ декларациясын қабылдады.

Құжат декларациясының негізгі ережелері қандай да бір нысанда көптеген халықаралық шарттарда, БҰҰ-ға мүше мемлекеттердің конституцияларында қайталанатын. Бірақ бірнеше елде ғана адам құқықтары күні ресми мереке және демалыс күн болып табылады.

1948 жылы желтоқсанда ЮНЕСКО білім беру және ақпарат құралдары арқылы бүкіл әлемге танымал ету мақсатында Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясын өз қызметінің орталық элементі ретінде енгізген Біріккен Ұлттар Ұйымы жүйесінің алғашқы мекемесі болды.

Адам құқықтары Біріккен Ұлттар Ұйымының негізгі бес құқықтық құжатында анықталып, оларға кепілдік берілген. Олар: Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы (1948), Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы Пакт (1966), Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық Пакт (1966) және соңғысына қарасты екі факультативті хаттама. Декларация – ол ең алдымен адамгершілік мәні бар манифест, ал пакттар ратификацияланған мемлекеттер үшін міндетті күші бар келісім-шарттар. Осы құжаттардың барлығы – Адам құқықтары туралы халықаралық билль атты құжатты құрады.

Декларация – бұл ұсынылған құжат, оның ережелерін орындау ерікті. Екіншіден, декларация – бұл әлемдегі әрбір адамның құқықтары алғаш рет құжатталған мәтін. Онда адам құқықтарын анықтайтын және бекітетін нормалар бар.

Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы бізде бар негізгі құқықтар мен бостандықтардың кең тізімін бекітті. Ол ұлтына, тұрғылықты жеріне, жынысына, этникалық

тегіне, тіліне, дініне немесе басқа жағдайына қатысты қандай да бір айырмашылықсыз әлемнің кез келген жеріндегі әрбір адамның құқықтарына кепілдік береді.


Бұл – барлық адамдарға берілген негізгі құқықтар мен негізгі бостандықтарды анықтайтын халықаралық құжат. Оны 1948 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясы Екінші дүниежүзілік соғыста алған тәжірибесіне және қатыгездікке жауап ретінде қабылдады. Бұл әр адамның азаматтығына, тұрғылықты жеріне, жынысына, ұлттық немесе этникалық тегіне, түсіне, дініне, тіліне немесе басқа белгілеріне қарамастан құқықтарының алғашқы әмбебап анықтамасы болды.

Декларация міндетті түрде орындалатын құжат болмаса да, ол адам құқықтары саласында бірыңғай халықаралық стандартты қалыптастырған адам құқықтары саласында 60-тан астам құралдарды енгізуге ықпал етті. Бүгінгі таңда БҰҰ-ға мүше барлық мемлекеттердің Декларациямен бекітілген базалық адам құқықтарын жалпыға бірдей мойындауы оның ықпалын арттыруға әсер етеді және адам құқықтарының біздің өміріміздегі маңыздылығын көрсетеді.

Отыз баптан тұратын декларацияда адам құқықтары нақты айқындалған. Әр елдің ішкі заңнамасында адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтары және міндеттері анық және айқын жазылған. Оған дәлел еліміздің Ата заңымызда қаншама өзгерістер болса да, Адам және азамат тарауындағы баптарға өзгерістер енгізілмеген.

БҰҰ органдары арасында Декларацияның орны жоғары. Олай дейтініміз, Бас Ассамблеямен қатар, Қауіпсіздік Кеңесі мен басқа органдар да өз жұмыстарында осы Декларацияға үнемі жүгініп отырады. Сонымен қатар, Декларация нормалары көптеген ұлттық конституцияларда көрсетілген.

Дүниежүзілік адам құқығы күнінің арнайы мақсаты бар:



– адам құқықтарын өрескел және жүйелі түрде бұзу құрбандарын еске алудың маңыздылығын және шындық пен әділеттілік құқығының маңыздылығын мойындау;


– бұл жағдайда өмірді адам құқықтарын көтермелеу және қорғау үшін күреске арнаған немесе осы күресте құлаған адамдарға құрмет көрсету қажеттілігін мойындау;

– адам құқықтарын қорғау, адам өмірін қорғау және адамның қадір-қасиетін көтермелеу идеясына берілген гуманизмнің жақтаушысы ретінде тану, оның үнемі диалогқа шақыруы және қарулы қақтығыстарды жою үшін зорлық-зомбылықтың барлық түрлерінен бас тартуы.

Адам құқықтары декларациясы тек құқықтарды ғана емес, міндеттерді де жүктейді. Сондықтан біз тиісті құқықтарды орындауға міндетіміз. Бүгінгі таңда азаматтардың төзімділігін арттыру қажет деп санаймын. Өйткені қарым-қатынаста этика мен белгілі бір мәдениет қалыптасуы керек. Бұл жағдайда адам құқықтарының бірдей қорғалуы маңызды. Еліміздің болашағы жастардың қолында деп айтамыз. Сондықтан жастарды азаматтардың құқықтарын қорғау идеологиясына баулу қажет.

Венера НАУРЫЗОВА,
Азаматтық құқықтық пәндер кафедрасының
сеньор лекторы, з.ғ.м.

ЖҮСІПБЕК АЙМАУЫТОВ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ



Ақберен ақын. Кемел прозашы. Белгілі драмашы. Айтулы аудармашы. Сындарлы сыншы. Бір ауыз сөзбен келтірсек – ұлттың ұлы адамы. Сөз – биыл 135 жылдығы атап өтіліп жатқан қайран да есіл ер Жүсіпбек Аймауытов хақында. Осы дата аясында Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде «Ж.Аймауытов және ұлттық тәрбие» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік семинар өтті.

Инновациялық білім беру факультетінің Мектепке дейінгі және бастауыш білім беру кафедрасының ұйымдастыруымен өткен жиынға отандық оқытушы-профессорлар, магистранттар мен студенттер қатысты.

Жүсіпбек Аймауытов – драматург, аудармашы, зерттеуші, публицист, ең алғашқы реалистік проза талаптарына, жанрдың еуропалық шарттарына жауап беретін толыққанды, шебер, ықшам, сондай-ақ, көркем жазылған шығармалардың авторы, реалистік роман принциптерін алғаш меңгерген қаламгерлердің бірі. Әлеуметтік төңкерістер, ұлы революциялар заманында өмір сүрген жазушы қысқа ғұмырында артына

аса бай, бағалы әдеби, ғылыми мұра қалдырып үлгерді.

«Жүсіпбек Аймауытов шығармашылығымен барлығы мектеп бағдарламасынан таныс, әсіресе, «Қартқожа», «Ақбілек» шығармаларын оқыған боларсыздар. Ол кісіні барлығы жазушы ретінде

танығанымен, ағартушы-педагог ретінде білетіндер аз деп ойлаймын. Бірақ оның қазақ топырағына алғаш рет психология ғылымын әкелгенін және педагогика бағытында мұғалімдерге көмекші құралдар жазғанын бірі білсе, бірі білмес. Оның психологияны зерттеп, көтерген мәселелері – бұған дейін қазақ топырағында ешкім көтермеген мәселе», – деп қаламгерді педагог-психолог ретінде танытты Алматы қаласы Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің PhD докторы Жаңақұл Шыңғысханқызы.

Республикалық ғылыми-тәжірибелік семинарда Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің Қазақстан және дүниежүзі тарих кафедрасының қауымдастырылған профессоры, т.ғ.д. Аққали Қабижанұлы, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті қазақ тілі және әдебиеті кафедрасының қауымдастырылған профессоры, ф.ғ.к. Жайлы Елепқызы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің аға оқытушысы, PhD доктор Жаңақұл Шыңғысханқызы,

Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар инжиниринг университеті педагогика кафедрасының профессоры, п.ғ.к. Алмажай Құлжановна, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті мектепке дейінгі және бастауыш білім беру кафедрасының қауымдастырылған профессоры, п.ғ.к. Улдай Талкашовна, 38 мектеп-лицейінің бастауыш сынып мұғалімі, педагог-шебер Эльмира Борисовна, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті білім берудегі менеджмент білім бағдарламасының 2-курс магистранты Дана Талғатқызы сынды зерттеуші-ғалымдар мазмұнды баяндама жасады.

Жиын барысында «Бастауыш білім беру деңгейінің педагогы» білім бағдарламасының 3-курс студенттері Аружан Бахытқызы мен Гүлнұр Ермекқызы қаламгердің «Ұран», «Неғып жатыр?» өлеңдерін мәнерлеп оқыды.

Семинар соңында қорғалған баяндамалар талқыланып, қорытынды бойынша резолюция қабылданды.



АШЫҚТЫҚ ПЕН ЖАРИЯЛЫЛЫҚ: ҚОҒАМ АЛДЫНДАҒЫ ЕСЕП

Мемлекетіміздегі білім саласындағы өзгерістердің бірі – бұдан былай жоғары оқу орындары жұртшылыққа өз қызметі жөнінде жылма-жыл толық мағлұмат беріп отыруы тиіс. Осыған сәйкес қайта құрудың нәтижесінде 2020 жылдан бері коммерциялық емес акционерлік қоғам саналатын Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде 2023-2024 оқу жылындағы атқарылған жұмыстар мен алдағы міндеттер туралы, университеттің басқарма төрағасы-ректор Саламат Идрисов қоғам алдында есеп берді.

Жиынға Атырау облысы әкімінің орынбасары Дарын Шамұратов, Атырау облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы, Атырау облысының Құрметті азаматы Мұрат Өтешов, Атырау қаласы әкімінің орынбасары Нұржан Ермұханов, аймақтағы жоғары және арнаулы орта білім беру мекемелерінің басшылары, университеттің профессорлар-оқытушылар құрамы, БАҚ өкілдері, оқу орнымен әріптестік-ынтымақтастық байланыс орнатып жүрген жұмыс беруші мекемелердің басшылары, магистранттар мен студенттер қатысты.

Басқарма төрағасы-ректор С.Идрисов өз баяндамасында жоғары оқу орнының миссиясы, мақсаты мен міндеттері туралы баяндап, оқу жылы ішінде жеткен жетістіктерге тоқталды. Университет Атырау өңіріндегі еңбек нарығы сұраныстарына сай сапалы мамандар дайындау, білім ордасын өңірдегі инновациялық процестердің, ғылым мен білімнің драйверіне айналдыру, кадрлық әлеуетті дамыту, инфрақұрылымды жетілдіру, тиімділік имиджін қалыптастыруды өзінің даму бағдарламасының басым бағыттары ретінде алғандығын айтты.

– Осы бағыттарды жүзеге асыру үшін «Университеттің 2020-2025 жылдарға арналған даму стратегиясы» қайта қаралып, Ғылым және жоғары білім министрлігінің Қазақстан Республикасында жоғары білім және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған Тұжырымдамасы басшылыққа алынды. Біз өз қызметімізде басшылыққа алған негізгі принциптер: академиялық еркіндік, оқыту мен зерттеу бірлігі, ашықтық, жариялылық, сапа, тұлғаға құрмет, саналылық және жаңашылдық, – деді ректор.

Қазір басты назар аударылатын мәселелердің бірі – қызметкерлердің әлеуметтік жағдайы. Бұл ретте ұжымда еңбекақыны өсіру 2020 жылдан бастап кезең-кезеңімен іске асып келеді. Бытырғы 13 маусымда және 1 қыркүйекте, сәйкесінше, тиісті министрліктің бұйрығымен және оқу орны басқармасының шешімімен, педагогикалық қызметкерлердің жалақысы екі мәрте 20%-ға, жалпы 40%-ға көтеріліп, олардың ғылыми атақтары мен атқаратын лауазымдарына байланысты үстемақылар төленіп келеді. Бұл қатарда осындай мүмкіндіктер студенттерге де жасалған. Жалпы жастар саясаты және әлеуметтік қолдау шараларына өткен оқу жылында университет тарапынан 44 млн теңге қаражат бөлінді.

– Сандарды сөйлетер болсақ, есепті 2023-2024 оқу жылында университеттің бакалавриаттағы 66 мамандығы және магистратураның 35 мамандығында 8055 білім алушы болды (грант 2258 – 28 %), оның ішінде бакалавриатта – 7627 студент, магистратурада – 428 (грант – 174). Ал профессор-оқытушылардың құрамында 406 адам штаттық оқытушылық лауазымда жұмыс істеді, оның ішінде 15 ғылым докторы, 95 ғылым кандидаты, 34 PhD бар.

Университетіміз жастарды жан-жақты қолдауға және олардың дамуына барынша жағдай жасауға тырысады. Бізде түрлі бағыттағы студенттік клубтар жұмыс істейді, олар жастарды



қызығушылықтары мен мақсаттарына сәйкес біріктіреді. Спорттық секциялар, шығармашылық үйірмелер, волонтерлік қозғалыстар, студенттік деканат ұйымдары бар. Олардың қатарында «Студенттік парламент» құрылымы, «SAF» студенттік театры, «Халық құрамасы» жайдарман тобы, «Asu Umit» волонтерлік, «Таным» психологиялық, «Ақтаңгер» ақындар, «ASU Life» медиа, «Bolashaq» спорттық, «Senator» пікірсайыс, «Сана» кітап, «Кыз Жібек» қыздар және «Көшбасшы» интеллектуалдық клубтары сынды ұйымдарды атап өте аламыз.

Жалпы белсенді студенттерімізге жан-жақты қолдау көрсетеміз. 42 студент оқу гранттары конкурстарының жеңімпазы атанса, әлеуметтік жобаларды іске асыруға тартылған гранттық қаржыландыру 12 млн теңгені құрайды, ал 6 млн теңге демеушілік қаражат студенттік бастамаларды қолдау мақсатында тартылған, 4 мыңнан астам жас студент облыстық және еліміздің түрлі өңірлеріндегі республикалық іс-шараларға қамтылды, – деді С. Идрисов.

Студенттердің белсенділігі бойынша бір ғана спорттық бағытты алар болса, университет құрамасы VII халықаралық «Каспий ойындары» универсиадасының чемпионы, Жазғы универсиаданың дзюдо күресі, баскетбол, футбол ойындары бойынша жүлдегері атанған. Сондай-ақ, жоғары оқу орнында 10 әлем чемпионатының жүлдегерлері білім алады.

Одан бөлек, университеттегі тағы бір басты ұстаным – өзіндік ықпал ету аймағын пайдалана отырып, отандық ғылымды дамытуға ықпал ету. Ол үшін ғылыми кадрлық әлеуетті күшейту және жас ғалымдарды тарту; Министрлік, жергілікті атқару органдары, бизнес субъектілері қаржыландыратын ғылыми жобаларды ұлғайту; Ғылыми-білім беру зертханаларының инфрақұрылымын жаңғырту; Комитет ұсынған ғылыми журналдардың талаптарына сәйкес ғылыми жарияланымдардың сапасын арттыру атты төрт міндет бойынша жұмыс жүргізіліп келеді.

Мәселен, биыл шетелдік басылымдардағы жарияланымдар алдыңғы екі жылмен салыстырғанда екі есеге өскен. Ағылшын тіліндегі мақалалардың үлесі де 51%-ға артқан. Тұтастай алғанда, бытыр 472 ғылыми мақала жарияланып, 260 млн-ға жуық сомға барлығы 22, оның ішінде министрліктің қаржыландыруымен – 10, университеттің қаржыландыруымен 8 ғылыми жоба іске асқан. Қалғаны халықаралық, коммерциялық және бағдарламалық мақсатты қаржыландыруға жатады.

Бұған ғылыми, ғылыми-техникалық

қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жөніндегі ұлттық ғылыми кеңестің шешімімен бекітілген профессор С.Сағындықованың 2023-2025 жылдарға арналған «СофМая» түйе сүтінен жасалған жаңа сусынды өндіру технологиясын, коммерцияландыруды ұйымдастыру» және 2024-2026 жылдарға арналған «Динамикалық бейнелер мен интерактивті толықтырылған шындық модельдері негізінде физика оқулығын әзірлеу» жобаларын мысалға келтіре аламыз.

Атап өткен жөн, университет жанынан 3 ғылыми-зерттеу институты жұмыс істейді. Олар – «Экология, био-және нанотехнология, Х.Табылдиев атындағы Каспий аймағының тарихы, археологиясы және этнологиясы» ҒЗИ, «Физика, математика және қолданбалы технологиялар» ҒЗИ және Қазақстан халқы Ассамблеясы институты.

Сонымен бірге, күні бүгін докторантурадан кейінгі университеттік бағдарлама іске асырылуда. 2023 жылдан осы бағдарлама бойынша 3 постдокторант өз зерттеулерін жүргізсе, оның екеуі конкурстық негізде қабылданған.

Шетелдік оқу орындарымен ғылыми-әріптестік қарым-қатынастар орнату, шетел ғалымдарымен тәжірибе алмасу да Х.Досмұхамедов атындағы қара шаңырақтың стратегиялық мақсаттарының бірі саналады. Бұл ретте сәтті жүзеге асырылып келе жатқан академиялық ұтқырлық бағдарламасы ойға оралады. Аталмыш бағдарлама аясында 19 оқытушы бір аптадан бір айға дейінгі мерзімге Түркия, Өзбекстан, Әзірбайжан, Қырғызстан мемлекеттерінде тағылымдамадан өтсе, 15 шетелдік ғалым университетке келіп дәріс беріп, тәжірибесімен бөліскен.

– Дәл осы жүйе бойынша студенттер де тәжірибе алмасып келеді. Есептік мерзім ішінде академиялық ұтқырлық негізінде, «Орхун» бағдарламасы аясында Түркия, Өзбекстан, Қырғызстандағы университеттерге 8 студент, ERASMUS+ бағдарламасы бойынша Францияға 2 студент барып білімін жетілдірді. ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің қолдауымен тағы 9 студент өзге мемлекеттерде тәжірибе алмасуға мүмкіндік алды. Одан бөлек, қырғызстандық 5 студент және «Болашақ» бағдарламасы шеңберінде 3 оқытушы Атырау университетінде білімі мен тәжірибелерін шыңдады.

Сондай-ақ, студенттеріміз үшін «Қазақ тілі және әдебиеті» мамандығы бойынша Нийде Омер Халисдемир университетімен, «Экология» мамандығы бойынша Астрахан мемлекеттік техникалық университетімен қос диплом бағдарламасы және София университетімен бірлескен білім беру бағдарламасы қарастырылған, – деді

басқарма төрағасы.

Ендігі кезекте, университеттің жеткен жетістіктеріне тоқталсақ, бүгінгі таңда Атырау университетінің сайты республикалық «Webometrics Ranking of World Universities» рейтингінде 35-орыннан 26-орынға көтерілді. Ал оқу орны кампустары мен экологиялық тұрақтылыққа қатысты UI GreenMetric-2023 рейтингінде Атырау университеті 570-орынға, қазақстандық ЖОО арасында 6-орынға ие болды.

Сайып келгенде, жиында осы уақытқа дейін атқарылған жұмыстардың есебінен соң, алдағы мақсаттар мен міндеттерге тоқталған С.Идрисов, оқу орнының инфрақұрылымына қатысты жоспарларымен бөлісті. Қазір университетке қарасты 1 жатақхана мен 1 оқу корпусы апаттық жағдайда деп танылған. Сол себепті де мәселені оңтайлы шешу мақсатында, қала аумағындағы өзге ғимараттарды жалға алып отыр. Дегенмен, бұл – уақытша шешім. Сондықтан университет басшылығы жаңа инфрақұрылым нысандарын салуды жоспарлауда.

– Қазір университет теңгерімінде бас оқу ғимараты, 4 оқу корпусы, спорт кешені мен «Жайық» денешынықтыру-сауықтыру кешені, 3 жатақхана бар. Жоспарымызда студенттерге арналған зертханасы бар 1 000 орындық оқу ғимараты, заманауи кітапхана, Сарайшық ауылында агробиологиялық станция, ғылыми-зерттеу зертханалары бар «Құзырет орталығының» құрылыстары бар, – деп атап өтті Саламат Нұрмұханұлы.

Атқарылатын міндеттер тізімінен Малайзияның Сити университетімен бірлесіп «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» және Пуатье университетімен (Франция) «Математика», «Экономика» мамандықтары бойынша қос дипломды білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру, Erciyes University (Түркия) университетінің филиалын ашу, Каспий маңы елдерінің мемлекеттік университеттері қауымдастығының XXVII Бас Ассамблеясын өткізу, «Ұстаз» мектеп-интернатын кеңейту, заманауи зертханаларға арналған ғимарат және тұтас Атырау жұртшылығы пайдалана алатын заманауи кітапхана салу сынды бірнеше жобалар да табылып жатты.

Есептік жиынның негізгі бөлімінен кейін, Атырау облысы әкімінің орынбасары Дарын Шамұратов атқарылған жұмыстарға ризашылығын білдіріп, белгіленген жоспарларға әкімдік тарапынан барынша қолдау көрсететінін жеткізді. Іс-шара соңында ардагерлер мен ғылыми кеңес мүшелері өз пікірлерін білдіріп, Саламат Идрисовтың баяндамасына оң бағасын беріп, алдағы жұмысына сәттілік тіледі.

Өмірбек КЕНЖЕАХМЕТОВ

ҰСТАЗ–ҒАЛЫМ ТУРАЛЫ ОЙ

«Жақсыда жаттық жоқ, ол жалпыға бірдей, әлемге ортақ ай мен күндей» деген сөз бар емес пе?! Мыңдаған шәкіртіне білім шырағын ұстатқан, ұстаз деген мәртебелі ұлы мамандықтың кәсіби шебері, отандық ғылымды, қазақ тіл білімі саласын дамытуда өзіндік қолтаңбасы бар, жеткен жетістіктері ұшан-теңіз, ғылым мен педагогиканың туын қатар ұстап, өзінің саналы өмірін жас ұрпаққа білім мен тәрбие беруге арнап, еңбегімен ел алғысына, шәкірт құрметіне бөленген академик Фаузия Шамсиқызы Оразбаева мерейлі 75 жасқа толып отыр.

Мен Фаузия Шамсиқызының шәкірті, кейін Абай атындағы ҚазҰПУ, Мемлекеттік тіл кафедрасының доценті лауазымында қызмет атқарған әріптесі ретінде ұстазымды әрдайым құрмет тұтамын, мақтан етемін. Табиғатынан жаны жақсылыққа құмар, ізденуден жалықпайтын, ізгілік пен адамгершілікті өмірдің мәні санайтын тәжірибелі педагог, білікті тәлімгер, айтары мол мықты ғалым, қадірлі әріптес – Фаузия Шамсиқызының білімдегі, ғылымдағы болмысын, даралық қасиеттерін саралап, көңіл көкжиегіндегі көркем ойыммен бөліскім келеді.

Ол Қазақстанның білім беру жүйесінде түрлі лауазымда үздіксіз еңбек етіп, абырой биігінен көрінді. Әр жылдары Алматы шет тілдер педагогикалық институтының оқытушысы, С.Киров атындағы ҚазМУдоценті, Абай атындағы ҚаҰПУ проректоры, докторант, «Қазіргі қазақ тілі теориясы және әдістемесі кафедрасының меңгерушісі, Абай атындағы ҚазҰПУ жанындағы «Латын» ғылыми-практикалық орталығының директоры; ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі, республикалық ұлттық құндылықтар академиясының академигі, ғылыми кеңесшісі сияқты қызметтерді қалтқысыз атқарды Күні бүгін Абай атындағы ҚазҰПУ профессор-зерттеушісі лауазымында жұмыс істейді.

Профессор Фаузия Шамсиқызы – қазақ тіл білімінің іргелі мәселелерін, тілдік салаларын, грамматикасын, өзгетілді топтарда қазақ тілін оқыту әдістемесін, яғни, теория мен әдістемені қатар алып жүрген педагог-ғалым. Ғалымның ғылыми ізденістері қазақ тілі теориясы, оқыту әдістемесі, лексикология, семасиология, грамматика, тілдік қатынас теориясы мен әдістемесі сияқты тақырыптарға арналды. Оның жетекшілігімен республикада тілдік білімді бағалаудың еуропалық және халықаралық стандарттары (DALF, DELF, IELTS, TOEFL.т.б) негізінде тұңғыш рет қазақша оқып-үйренуге арналған 6 деңгейлік оқу-әдістемелік кешен дайындалып, жарық көрді.

Қазіргі жаһандану үдерісінің ықпалымен бүгінде қазақ тіл білімінің тың салалары жаңаша көзқараспен зерделенуде. Соның бірі – танымдықлингвистика. Ол тіл білімінің қоғамдық-әлеуметтік орны мен рөлінің

күшеюіне орай қалыптасып отыр. Өйткені қоғамның қандай қоғам болып қалыптасуы білім тәрбиесіне арналған оқулықтар мен оқыту әдістемесіне тікелей байланысты. Сондықтан, профессор Фаузия Шамсиқызы өз еңбектерінде, тілдік зерттеулерінде тілдік-танымдық үдерістің теориялық мәселелерін қарастырған және ұлт тілінің дамуы адамның таным процесіне тікелей қатысты екенін тұжырымдаған.. Ана тілі жас ұрпақ бойына ұлттық ерекшеліктер мен қасиеттерді дарытып, дүниетанымын кеңейтіп қана қоймай, ұлттық құндылықтарды ұрпақ бойына сіңіру қызметін де атқаратындығын атап көрсеткен. Дана бабаларымыздың ізгі дәстүрін, өнегелі өмір белестерін жалғау, жас буынның бойына ұлттық құндылықтарды сіңіру мақсатында құрылған Ұлттық құндылықтар академиясы 2022 жылдың желтоқсанында ресми түрде өз қызметін бастап, бүгінде республикалық мәртебеге ие болды.

Фаузия Шамсиқызы – аталмыш академияның академигі, «Қазақ тілі мәртебесі» саласының ғылыми кеңесшісі. Президиум мүшесі ретінде осы бір сындарлы кезеңде орта білім беру стандарттарын құндылықтар әлемімен нәрлендіру, отандық ұлттық білім беру моделін енгізу сияқты кезек күттірмейтін келелі мәселелердің шешімін табуына мол үлесін қосып келеді.

Ол – қазақ тілін оқыту бағытында теориялық зерттеулері мен әдістемелік ілімнің зерделеу нәтижесіне негіздеп жазылған шоқтығы биік 600 жарияланымның авторы (13 монография, 9 Білім стандарты, 45 оқу бағдарламасы, 82 оқулық, 168 оқу-әдістемелік құрал, 187 ғылыми мақала, т.б) Бүгінде білім алушылар, тіл үйренушілер үшін құнды еңбектер санатындағы «Қазіргі қазақ тілі», «Қазақ тілін оқыту әдістемесі», «Мемлекеттік тілдегі іс қағаздар», «Тілдік қатынас», «Академиялық грамматика», «Қазақ тілі» (колледждің орыс бөлімдеріне арналған оқу құралы), кәсіптік лицейлерге арналған «Қазақ тілі», басқа да еңбектері әлі күнге ғылыми айналымда жоғары сұранысқа те. Сондықтан, қазақ тілі білімі ғылымындағы «Фаузия кеңістігі» көпсалалы сипатқа ие.

Филология ғылымдарының кандидаты, доцент, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Фаузия Оразбаева өз зерттеулерінде этноұғымдық, ұлттық дүниетанымдық көрініске үлкен мән береді, лексикалық қордың көлемді бөлігін қамтитын қоғамдық ойтанымының тарихи сипатына үңіле отырып, лексемалардың үйлесімділігіне дәлелді оң талдаулар жасаған. Сондай-ақ, Фаузия Шамсиқызының тіл білімі мен оны оқыту салаларына арналған зерттеу жұмыстары еліміздің ғылыми және педагогикалық зерттеу орталықтарында, Ресей, АҚШ, Прага, Қытай, Ұлыбритания, Болгария, Греция,



Германия, Түркия сынды шетелдерде көпшіліктің назарын аударды.

Жас маман оқытушылардың да шеберліктерін шыңдауға, әдістемелік біліктіліктерін көтеруге, жас ғалымдарды даярлауда аянбай еңбек етіп келеді. Бүгінде оның ғылыми жетекшілігімен 40 ғылым кандидаты, 11 ғылым докторы, 4 PhD докторы ғылыми дәрежелерін қорғап, еліміздің әр өңірінде білім саласында, ғылыми мекемелерде қызмет атқаруда.

Осынау телегей еңбек ескерусіз қалмады. «Ерен еңбегі үшін» медалімен, «ҚР ЖОО белгілі ғалымы және педагогы» (2005), «ҚР Білім беру ісінің Құрметті қызметкері», «ҚР Ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгілерімен, «Парасат» орденімен марапатталған. «ҚР ЖОО Үздік оқытушысы» мемлекеттік грантының екі мәрте иегері, Шоқан Уәлиханов атындағы бірінші дәрежелі сыйлықтың лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі.

Міне, менің ұстазым осындай. Ұлы Мұхтар Әуезов «Мен адамдарды екі түрлі болады деп ойлаймын. Олардың бірі айналасына нұр сәуле шашып, ал, екінші біреулері түнек орнатып жүреді» – деген екен. Ендеше, жаны жайсаң, көркем мінезді, би-язы дауысты, жаны да, келбеті де сұлу жан, адами болмысы гуманизмге толы Фаузия Шәмсиқызын тұғырлы 75 жасымен құттықтаймын. Асыл мұраты жалғасқан ғасыр ғұмыр жасаңыз! Мерейтойыңыз құтты болсын!

Жаннат МОЛДАҒАЛИҚЫЗЫ,
Республикалық ұлттық
құндылықтар академиясы
Атырау филиалының жетекшісі

ҒИБРАТТЫ ҒҰМЫР ИЕСІ



Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде қауымдастырылған профессор, педагогика ғылымдарының кандидаты Шұғаева Гүлшат Қоңыратқызының 60 жас мерейтойына арналған «Инклюзивті білім беру жағдайында ерекше қажеттіліктері бар балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау» атты ғылыми-әдістемелік семинар өтті.

Психология және педагогика кафедрасының ұйымдастыруымен өткен жиынға отандық оқытушы-профессорлар, магистранттар мен студенттер қатысты.

Гүлшат Қоңыратқызы – Атырау университетінде 35 жыл еңбек еткен ұлағатты ұстаз, педагогика және психологияның өзекті мәселелеріне арналған 1 оқулық, 2 оқу-әдістемелік құралы, 4 оқу құралы, 60-қа жуық

ғылыми мақаланың авторы, ҚР Білім және ғылым Министрлігінің Құрмет Грамотасының, 2021 жылғы «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атағының, «Білім беру саласының үздігі», «Үздік ғылым қызметкері», 2024 жылғы «Ғылымды дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгілерінің иегері.

Іс-шара университет ректоры Саламат Идрисовтің құттықтау сөзімен басталды.

«Баяндамама кіріспес бұрын Гүлшат ханымды құттықтағым келеді. Дүниежүзіндегі инклюзивті білім беруді жақсырақ түсіну үшін соңғы бірнеше жыл бойы доктор Гүлшат Шұғаевамен және басқа да атыраулық ғалымдармен жұмыс жасау мен үшін мәртебе болды. Жұмыс барысында Доктор Гүлшат Шұғаеваны талантты,

әрі сенімді әріптес ретінде тандым. Ең бастысы, достық қарым-қатынасымызды қатты бағалаймын», – деп ризашылығын білдірді Канада мемлекеті Саймона Фрейзер (Simon Flazer) университетінің профессоры Роберт Уильямсон.

Инклюзивті білім беру мәселесін талқылауда Канада мемлекеті Саймона Фрейзер (Simon Flazer) университетінің профессоры Роберт Уильямсон, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты жөніндегі проректор, қауымдастырылған профессор, педагогика ғылымдарының кандидаты Ляйля Ерболатқызы, Атырау облысы Білім беру басқармасы Әдістемелік орталығының инклюзивті және арнайы білім беру бөлімінің басшысы Гүлжанар Мендыгериевна, Әлеуметтік кәсіпкер, «Сенім тірегі» қоғамдық қорының төрайымы, АВА терапевт маманы, АФК инструкторы, Атырау және Құлсары қалаларындағы «Future Sport» абилитациялық орталығының жетекшісі Самал Аманжолқызы, Ә.Молдағұлова атындағы N22 жалпы білім беретін орта мектебі инклюзивті қолдау кабинетінің меңгерушісі, логопед Рысқұл Жексенқызы, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Инновациялық білім беру факультеті, Психология және педагогика кафедрасының аға оқытушысы, магистр Жанар Серікқалиқызы, «Жүректен жүрекке» қоғамдық қоры жанынан ашылған «Венера» инклюзивті дамыту орталығының директоры Гүлбарам Саматқызы, Педагогика және психология мамандығының 2-курс магистранты Инирбаева Эльзана сынды зерттеуші-ғалымдар ба-

яндама жасады. Ал «Тұран-Астана» университеті әлеуметтік ғылымдар және тілдік пәндер кафедрасының қауымдасырылған профессоры, педагогика ғылымдарының кандидаты Бегаим Жиентайқызы мен Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Мектепке дейінгі және бастауыш оқыту кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор Гүлшат Рахметжанқызы құттықтау сөз сөйледі.

«Тұран-Астана» университеті әлеуметтік ғылымдар және тілдік пәндер кафедрасының қауымдасырылған профессоры Бегаим Жиентаевна өз ықыласын:

«Ғылымда өзіндік қолтаңбасы бар, ғалым-ұстаз, профессор Гүлшат Қоңыратқызын ерекше қадір тұтып, бағалаймын. Жас мамандарға, студенттерге өз қамқорлығы мен тәжірибесін беруде, еңбек жолында, ұйымдастыру жұмыстарында адамгершілік пен ізгілікті негізгі принцип етіп ұстаған жан деп білемін. Өйткені, Гүлшат Қоңыратқызынан білім мен тәрбие алған, тәжірибе алмасқан адамның осал болмай-тынын да байқап жүрміз», – деп жеткізді

Кейін ғылыми семинарға арқау болған ғибратты ғұмыр иесі – педагогика ғылымдарының кандидаты Гүлшат Қоңыратқызы «Болашақ мамандарды ЖОО-да инклюзивті білім беру жағдайына дайындау жолдары» тақырыбын талқылап, мазмұнды ба-яндама жасады.

Іс-шара соңында жиынға қатысушылар ғалымды мерейтойымен құттықтап, ізгі тілектерін жеткізіп, гүл шоқтарын табыстады.

Жалғасы. Басы беткі мұқабада

ХАЛЕЛДІҢ ХАТЫ

«Алаш» ұлттық-демократиялық партиясының жетекші қайраткерлерінің бірі, қазақтың талантты перзенті Халел Досмұхамедов туралы Ресейдегі, әсіресе Санкт-Петербургпен тығыз байланысты өмірі мен қызметі жайындағы әңгімеміз оның Нева жағалауындағы Әскери медициналық акаде-



мияда (ӘМА) оқып жүріп, Орал әскери реалдық училищесінде бірге оқыған досы, Қазан қаласындағы Ветеринарлық институттың студенті Ғұбайдолла Бердиевке 1904 жылдың 7 қазан күні «Сенің Қалелің» деп қол қойып жолдаған, агентуралық жолмен алынған хаты туралы болмақ (1-2 сурет). Халел бұл кезде Санкт-Петербургтің Ломанский тұйық көшесіндегі N4 «б» үйдің N11 пәтерінде тұрған (3-сурет).

Орыс тілінде жазылған хатты қазақ тіліне өзімізше аудардық. Хат мазмұнынан жазғы қаникулға келе жатқан қазақ баласының туған жерге деген сағынышын, ауылына деген сөзбен жеткізе алмас махаббатын, бұл қасиеттерді бәрінен де жоғары қоятын іңкәрлігін аңғаруға болады.

Хаттың мазмұны: Қаланың ұзақ қапырық өмірінен кейін туған даламыз маған ғажап әсер етті. Көз үйреншікті киіз үйлер, жаныма жақын ауылыма ора-луым, етжақындарымды көріп сағынышымды басу, өзге де жұрттың ықыласы мен құрметі – осының бәрінің әсер күші сұрапыл және бұл дала халқының өркениеттік әлемнен үздік артықшылығын көз апара көрсетеді.

Өзімді айтпағанда, ондаған, тіпті жүздеген қазақ жастары білім алып жүргенін ойлаған кезде, бұл халық та еңбек етіп, озық атануға қабілетті екеніне, күндердің күні олар да әлемге үстемдік жүргізіп отырғандар қатарынан биік орын ала алатынына, ол да екінші Жапо-ния бола алатынына, өзінің жанын сығып, тұншықтырып отырған самодержавиялық Крокодилді төңкеріп тастауға не күш, не қажыр таба алмай, пұшайман болып отырған, содан да жерасты дүмпулерімен күресте дәрменсіз бұлқын тәрізді тақау төңірегіндегі жазықсыз елге лавасын лоқси құсқаннан басқаны білмейтін ақ нәсілді сайтандардың езгісінің астында құрып кетпейтініне сенгің келеді.

Біздің бейшара, әзірге білімнен мақұрым халқымызды езіп-жаншудың шегіне жеткені сондай, Татарлар мен Башқұрттар және Қалмақтармен қан төгіп соғысып аман алып қалған, есепсіз құрбан беріп, ұры-қарылар мен қарақшы казактардан алып қалған жерімізді шаруаларға, біздің халыққа мәдениет ұрығын әкеліп, бізді көркейтүшілерге оңды-солды үлестіріп жатыр. Енді даламызды кернеп алған қарашекпендерді культуртрегер деп айтуға тіпті де ауыз бармайды. Бұлардың үкімет жаңа төңкерісшіл толқуларынан қорқып, өлкемізге «мәдениет әкеледі» де-

ген желеумен қаптатып жіберген, Горький суреттеген қоғамның көбігі мен тосабынан биғайым бөтендігі жоқ. Солар өздері келген жаңа қонысты мәдениеттендіріп жатыр. Мысалы: темекі, арақ, ұрлық-қарлық, ойнас пен қарақшылықты тарату арқылы мәдениеттендіруде екен. Ал мұның жемісі тұтас халықтың күнкөріс жолындағы тең емес күресте біржола жоғалуы болмақ.

Дала өлкесінде көрсетіп жіберу, сілтеу беру, дау-шар және партия партияға бөлініп алып араздасуды қоздатқан біздің мақтаулы дала әкімшілігінің де көздегені сол. Жағдайдың оңынан келе қалуының салдарынан, міне, бірнеше жылдар бойы биліктің бұйдасын халыққа көк тиын жаны ашпаймын, туған елін тонап, оның ең қасиетті, киелі дінін аяқ асты етуші қатігез де, имансыз адамдар ұстап отыр.

Мәселен Қызыл Крест үшін жылу жи-нау науқанын алайық: Управалар жоғарғы жақтан байлардан бір қой, кедейден бір сом жинау жөніндегі «бұйрығын» жария етеді, осы жиналған есепсіз ақшаның 700 сомдайын әлгі бұйрық беруші бастықтарға қыстырады, осылай кете береді. Жұлдызоттардың тобы соры арылмаған халқымызға келтірген залал мен зиянды санап шығару үшін сағаттар керек болар еді. Тіптен сайлау кезінде соларға қарсы бірдеңе жасау мүмкін емес. Халықты қорқытып-үркітіп, көзге тиген шыбыртқыдай запы етіп тастаған. Осының бәрін көре-біле отырып, өзіңнің дәрменсіздігіңе қапы бо-лады екенсің. Халқымызға пайдамыз тиеді деп тәтті тілекпен өмір сүріп жатырмыз ғой,



бірақ қашан тигіземіз ол пайдамызды? Бауырым, осыны ойлағанда жүрегің қан жылайды екен. Мені түсінетін де, ой қосатын бір өзің. Болыс етіп Адай Өжекті (19 шар алған) не-месе Дәулетүмбетті (11 шар) қою үшін бірдеңе жасауға болмас па екен, әйтпесе болыстыққа анау Жұлдызоттың тобындағы Жұмағұл жауыз келіп алса, бейшара халықты тағы да зар қақсатады ғой, – деп жазады да, «Сенің Қалелің» деген қолын қояды.


Шынында, осыдан 120 жыл бұрын жазылған хат өзектілігін әлі де жойған жоқ. Оқи отырып, жиырма бір жасар бозөкпе жігіттің өз Отанына, туған жеріне деген ыстық махаббатын, оның ұшқыр ойы мен патриоттық сезімін көріп қайран қаласыз. Бұл хат оның тек досына емес, күллі қазақ халқына жа-зып кеткен өсиетіндей әсер қалдырады. Оның құндылығы ұрпақ тәрбиесі үшін өте маңызды. Қазіргі қазақ жастарының барлығы Халелдей ойласа, тұғыры берік ел болатынымыз анық.

Небәрі 56 жыл өмір сүрген Халел Досмұхамедұлы халқының мақтанышы ретінде ұлықтала берері ақиқат. Себебі, оның артында жалынды ісі, өшпес ізі қалды. Ол халқы үшін сіңірген еңбегімен ерекшеленеді. Оған келтірілген архив құжаттары мен тарихи мұралары куә.


Әлбетте, Халел Досмұхамедұлының қазақ қоғамындағы қызметі мен жүріп өткен ізін егжей-тегжейлі қамтып, тарихын түбегейлі шештік деген ойдан әсте аулақпыз. Десек те, жеткіншек ұрпақтың ұлттық-тарихи санасын өркениет деңгейіне көтеру үшін ғалымның мол тарихи мұрасын тиімді пайдаланудың мүмкіндіктерін басқа да қырларынан іздестіру – уақытты күттірмейді.

Ал Ресей Федерациясының мемлекеттік архивінен әкелінген Халелдің хатының көшірмесін оның есімін иеленген Атыраудағы университеттің музей қорына табыстайтын боламыз.


Сейілхан МИРАШ,
«Тарих» мамандығы бойынша педагогика ғылымдарының магистрі



1-сурет. Халел Досмұхамедовтің досы Ғұбайдолла Бердиевке 1904 жылдың 7 қазан күні «Сенің Қалелің» деп қол қойып жолдаған, агентуралық жолмен алынған хаты. 1-бет. Түпнұсқадан көшірме. РФ МА. Ф. 102. Оп. 232. Особый Отдел. 1904 г. Д. 1915. Л. 1.



2-сурет. Халел Досмұхамедовтің досы Ғұбайдолла Бердиевке 1904 жылдың 7 қазан күні «Сенің Қалелің» деп қол қойып жолдаған, агентуралық жолмен алынған хаты. 2-бет. Түпнұсқадан көшірме. РФ МА. Ф. 102. Оп. 232. Особый Отдел. 1904 г. Д. 1915. Л. 106.



3-сурет. Халелдің 1904 жылы Санкт-Петербургтің Ломанский тұйық көшесіндегі N4 «б» үйдің N11 пәтерінде тұрғанын айғақтайтын рапорт. РФ МА. Ф. 102. Оп. 232. Особый Отдел. 1904 г. Д. 1915. Л. 3.

ҚАЗАҚТЫҢ ХАЛЫҚ

Тәуелсіздік жылдарында қол жеткізген табысымыздың бірі – әр облыста ұлт аспап-тар оркестрлері құрылды. Қазір елімізде «Құрманғазы» оркестрінің үлгісінде құрылған жиырмаға тарта кәсіби ұлт аспаптар оркестрі бар.

Атырауда Д.Нұрпейісова атындағы академиялық халық аспаптар оркестрі мен «Нарын» халық аспаптар оркестрі, Оралда Даулеткерей, Ақтауда Абыл Тарақұлы, Ақтөбеде Ахмет Жұбанов, Шым-кентте Сүгір, Қарағандыда Тәттімбет, Көкшетауда К.Күмісбеков, Алматыда М.Төлебаев атындағы және Семей, Қостанай, Жамбыл, Астана филармо-ниялары жанынан құрылған қазақ халық аспап-тар оркестрлері – барлығы кәсіпқой ұжымдар.

Қазір ең шалғай аудандардан да халық аспаптар оркестрлері мен ансамбльдерді көп кездестіруге болады. Мәдениет министрлігіне қарасты жүздеген халық аспаптар оркестрі жұмыс істейді. Олардың ішінде «халықтық ұжым» атағына ие болғандары да жетерлік.

Олардың негізгі репертуары – күй. Бұл ешбір мемлекеттің, ұлттың аспаптық музыкасында жоқ жанр деуге болады. Біздің ең бірінші ұлттық байлығымыздың өзі осы күй санының шексіздігінде. Өйткені, бірнеше мыңдаған күйлердің шығу тарихын зерттесе еліміздің әр замандағы тарихы баяндалады. Әр заманның өзінің күйлері бар. Бұл кешегі отаршылдық за-манда бұрмаланған тарихымыздың шындығы деуге болады. Егемендік алғалы бері де зерттеліп, жинастырылуда.

Бірнеше ғасырдан бері дамып келе жатқан күй жанрының оркестр арқылы барлық бояу, өрнектерін келтіру академик А.Жұбановтан ба-сталса, егеменді еліміздің білікті музыканттарының еңбектерінің арқасында жаңа қырымен көрінуде. Оған еліміздегі халық аспаптары оркестрлерінің жыл санап көбейіп, санының артуы куә. Оның ішінде үлгі боларлық Құрманғазы атындағы және Нұрғиса Тілендиев атындағы «Отырар сазы» фольклорлы-этнографиялық оркестрлері.

Халық сонау ықылым заманнан-ақ, өз өмірі мен тіршілігінің барлық кезеңдерін музыка тілімен бейнелеп, ән-күйлері арқылы баян етіп отырған. Оны домбыра, қобыз, сыбызғы т.б. музыка аспап-тары арқылы ұрпақтан ұрпаққа жеткізе білген. Ал оны жеткізушілер халық арасынан шыққан дарынды өнер иелері болды. ХІХ ғасырдың бас кезінен өмір сүрген халық композиторларының біразының есімдері қазір мәлім боп отыр. Олардың бәрі де нотадан бейхабар болса да, көптеген музыкалық шығармалар қалдырып кеткені айқын. Олар халық аспаптарына арналған туын-дыларын, яғни домбыра мен қобыз, сыбызғыға арналған музыкалық пьесаларды, «күй» деген бір-ақ сөзбен атаған.

Қазақтың халық аспаптары музыкасының негізі – күй. Ал күй – адамның жан дүниесіндегі толғаныс-тебіреністерін, тарихи кезеңдердегі нақтылы оқиғаларды, табиғат болмысындағы көрініс құбылыстарды, тағы басқа сезімдік әсерлерді музыка тілімен бейнелеп көрсететін, бағдарламалы мазмұны бар, аспаптық шығарма.

Профессор Құдайберген Жұбановтың «Қазақ му-зыкасында күй жанрының пайда болуы жөнінен» деп аталатын мақаласында: «...Қазақта ән мен күйдің екі басқа болушылығының өзі халық музыкасының жақсы ғана жетіскен сатыда тұрғандығын көрсетеді. Өйткені бұлар әуелден бір болып, бара-бара музыка мәдениеті жетісе келе, бірінен бірі айырылып, вокал музыка, ин-струментал музыка болып, егізделіп шыққан» деп келтіріледі.

Күй мұрасы тым ертедегі тарихи дәуірлерден бастау алып, Асан қайғы, Қорқыт, Абыздармен желіленіп, одан бергі Құрманғазы, Дәулеткерей, Тәттімбет, Ықылас т.б өнер саңлақтары арқылы сабақтасып, Қазанғап, Дайрабай, Өскенбай, Мәмен, Сейтек, Сүгір, Диналармен кеңестік дәуірге ұштасып, қазірге дейін жалғасып жатыр.

Бұл өрелі өнердің мол жүгін арқалап, оны бүгінгі күнге жеткізіп, дара танылған негізінен үш аспап. Олар – домбыра, қобыз және сыбызғы. Күй қазынасының басым көпшілігі домбыраның еншісінде. Домбыра күйлерін кеңестік дәуірге жеткізуде айтулы күйшілер Уахап Қабигөжин, Қамбар Медетов, Лұқпан Мұхитов, Науша, Ма-хамбет Бөкейхановтар, Ғабдулман Матов, Қали Жантілеуов, Жәлекеш Айпақовтардың сіңірген еңбегі өте зор.

Халыққа кең тараған аспаптық музыканың енді бір түрі – қобыз күйлері. Бұл мұраны негізінен бүгінгі ұрпаққа жеткізген қобызшы күйшілер – Жааппас Қаламбаев пен Дәулет Мықтыбаевтар.

Домбыра мен қобызға қарағанда сыбызғы аспа-бын пайдалану, ел ішінде сирек кездеседі. Сол себепті аспапты музыкадағы сыбызғы күйлерінің мөлшері көп те емес.

Қазақтың музыкалық аспаптары әрине, осы үшеуімен ғана шектелмейді. Көптеген музыка аспаптары халық басынан кешкен дүрбелең дәуірлердің шаң-тозаңының астында қалып, ұзақ уақыт ұмыт болып келді. Көне халықтық му-зыка аспаптарын іздестіру, зерттеу жұмыстары негізінен кеңес дәуірінде қолға алынды. Бұған өнертану ғылымының кандидаты, белгілі му-зыка зерттеушісі Болат Сарыбаевтың қосқан үлесі ерекше. Он жылдан астам уақыт көне аспап-

тарды қалпына келтіру, дамытып-жетілдіру жұмыстарын жүргізді.

Қазір де ұлтымыздың жиырмадан астам музыкалық көне аспабы бар. Мысалы, сазсырнай, қос сырнай, жетіген, шертер, керней, даңғыра, дауылпаз, шындауыл, дабыл, кепшік, асатаяқ, қоңырау, шаңқобыз, тайтұяқ, үскірік, ұран, бұғышақ сияқты аспаптар бүгінде музыкалық сұраныс-қажетімізді толығынан өтеуде. Соңғы 30–35 жыл бедерінде осы аспаптар құрамы негізінде мүлде жаңа үнді «Шертер», «Мұрагер», «Адырна», «Сазген», «Әсем қоңыр» тәрізді ан-самбльдер мен «Отырар сазы» фольклорлы-этнографиялық оркестрі дүниеге келді.

Аспаптық музыка қорын жинақтап, нотаға түсіру, жүйелі зерттеу жұмыстары кеңес дәуірінде нақтылы жүзеге асырылды. А.Затаевичтің жи-ыrmасыншы жылдары қазақ жеріне келіп, музыкалық мұрамызды жинап, нотаға түсіруі Фарер өлкесіндегі елеулі оқиға болды. Мысалы, оның 1925 және 1931 жылдары жарық көрген екі жинағына қазақ жерінің әртүрлі өлкелерінен жа-зылып алынған 80-ге жуық күй енген. Ал оты-зыншы жылдары қазақтың аспаптық музыка-сын жинап, жазу жұмыстарына Е.Брусиловский, Б.Ерзакович, Б.Мацуцин, С.Шабельский, Л.Хамиди т.б. өнер қайраткерлері айтарлықтай үлестерін қосты.

Ұлттық саз аспаптарымыздың қалыптасып даму деңгейі Еуропа, Азия елдерімен салыстырғанда әлдеқайда кенже қалған. Десек те, төл саз аспапта-рымыз ғасырлар бойы жаңғырып, даму кезеңдерін бастан кешті. Алғашқы рет кеңес үкіметінің тұсында өткен ғасырдың 30-жылдарында Ахмет Жұбановтың бастамасымен ұлттық фольклорлы оркестрге икемделіп түрленіп, көптеген саз аспаптарымыз жаңа сипатта жаңғырды. Бұл сан ғасырдан бергі ел болып алғаш рет аспаптарына көңіл бөліп дамытқан тұсы және ішекті шертпелі, ыспалы, үрмелі, шулы аспаптардың тұңғыш бас қосып, қазақ даласының дауысын аспап тілімен жеткізуі болып тарих бетінде алтын әріптермен жазылды.

А.Жұбановты қазақ халық аспаптары-нан еуропаланған оркестр құру туралы идея жайбарақат қалдырмағаны ақиқат. Сол кездің өзінде қаладағы дәстүрлі өнерді қолдап, тең (мәтін), «таза күйінде» сақтап қалу үшін көп тер төкті. Халық аспаптары оркестрін құру кезінде күйлерді орындауға «феодалдық өмір кезеңінің идеялық көрінісі» деген кінә тағылды, сол себепті сол жылдары бұл оңай іс саналған жоқ. Соған қарамастан Ахаң құрған оркестр айрықша орын алды, өйткені ол дәстүрлі музы-каны орындаудағы көпдауыстылыққа «шабы-сты» көрсету мүмкіндігін берді. Оркестрдің ре-пертуары басынан бастап екі планды – еуропалық және ұлттық болды. Сөйтіп оркестр кейін ұлт мақтанышына айналды.

Көне халықтық музыка аспаптарын іздестіру, зерт-теу жұмыстары саласына өнертану ғылымының кандидаты, белгілі музыка зерттеушісі Болат Сарыбаевтың қосқан үлесі айрықша. Он жылдан астам мезгіл көне аспаптарды қалпына келтіру, дамытып-жетілдіру жұмыстарын жүргізді. Соның нәтижесінде «Отырар сазы» фольклорлы-этнографиялық оркестрі құрылды. Ол да Құрманғазы атындағы оркестр сияқты еуропалық принциптегі оркестрлік топтарға негізделді. Бірақ оған көптеген жаңадан туындаған, Б.Сарыбаевтың сұрыптауынан өткен, жаңадан табылған көне музыкалық аспаптар енгізілді. Бұлар оркестрдің дыбыстарының жалпы тембрін өзгертіп, халықтың құлағына сүйкімді, жұмсақ, жағымды дыбысталуға жақындатады. Егер Құрманғазы атындағы ор-кестр еуропаланудың жолындағы мәдениеттің күрт өзгеруінің прогресстік символы болса, ал «Отырар сазы» оркестрі ежелгі мәдениеттің тереңдігін, өзіндік ерекшелігін дәлелдеп берді. Бұл оркестрдің дыбысталу тембрінде, оның атауы мен Құрманғазы атындағы оркестрдің репертуарына енгенге, мәдениеттің көнерген түрін сақтап қалған Оңтүстік, Шығыс Қазақстанның дәстүрлі туын-дылары негізін құрған репертуарында байқалып тұрды. Оркестрдің келбетін қалыптастырған атақты домбырашы, дирижер, талантты компо-зитор Нұрғиса Тілендиев болатын.

Қазақ халық композиторларының күйлері бүгінде оркестрге түсіріліп, құлақ естімеген бояу тауып, дүниежүзілік классика мен орыс-совет музыка мәдениетінің негізінде түлеп жаңарды. Қазіргі кезде қазақ күйлері өз елімізде ғана емес, шетелдерде де тарап, жалпақ жұртқа жайылды. Домбыра бүгінде үлкен концерт зал-дарында жеке орындауда да, оркестрде де күй төгіп, тыңдаушы қауымды эстетикалық әсерге бөлейді. Дүниежүзілік музыка мәдениетінің үлгісінде дамып, кең құлаш жайған қазақ күйлері Қазақстан композиторларының опералық және симфониялық шығармаларына арқау болды.

Кеңестік дәуірде Қазақстандағы халық аспаптары музыкасының кәсіби өнер деңгейіне көтерілуі негізінен 30-жылдары басталды. Бұл республи-камызда оқу орындарының ашылып, онда халық аспаптарының да жүйелі түрде оқытылуына тікелей байланысты еді.

1934 жылғы халық таланттарының Бүкілқазақстандық І слетінен кейін құрылған

Құрманғазы атындағы халық аспаптар оркестрі осындай өскелең өнеріміздің қажеттіліген туды. Оркестрдің өмірге келуі қазақтың аспаптық му-зыка өнеріне өлшеусіз өзгерістер енгізіп, кәсіби биік деңгейге көтерілуіне аса зор ықпал етті. Оркестрді ұйымдастырушы және оның тұңғыш дирижері, көркемдік жетекшісі Ахмет Жұбанов болды. Қазақтың аспапты музыкасын дамыту ісі Құрманғазы атындағы академиялық халық аспаптары оркестрімен тығыз байланысты. Бірнеше жылдар бойы бұл оркестр үшін көптеген Қазақстан композиторлары шығармалар жазып келді.

Біздегі аспапты музыканың табысты болу-ына тағы бір себеп: халықтық музыка аспапта-рын жаңадан жетілдіріп, жақсарта түсу сала-сында да зор жұмыстар істелді. Бұл жөнінде 1934 жылы құрылған ғылыми зерттеу кабинеті мен музыкалық эксперименталдық шеберхананың атқарған қызметін атап айту керек болады. Ағайынды Романенколар мен Қамбар Қасымов сияқты тамаша шеберлер пернелі және сазды му-зыкалы аспаптардың жаңа түрлерін (домбыраның, қобыздың, сыбызғының бірнеше түрлерін) жасап шығарды. Мұның өзі оркестрдің мүмкіншілігін өлшеусіз ұлғайтып, халық музыкасын көп үнді, көп сарынды етіп өңдеуге мүмкіндік берді.

Осы орайда, ең алдымен, қазақ-совет музыкасының негізін қалаушылардың бірі, ака-демик, өнертану ғылымының докторы, профес-сор, Халық артисі Ахмет Жұбановты атауымыз орынды. Ахмет Қуанұлының қазақтың аспаптық музыка өнері саласында сіңірген еңбегі ұшан-теңіз. Оны арнайы жүйеге келтіріп, кәсіби жолға түсірген де Ақаң. Ол аспаптық музыка саласында ұлт кадрларын даярлау ісіне де белсене арала-сты. Көп жылдар бойына Алматы Мемлекеттік консерваториясындағы халық аспаптары ка-федрасына жетекшілік етті. Ал «Ария», «Ро-манс», «Көктем», «Вальс», «Би күйі» тәрізді шығармалары халық аспаптары музыкасының алтын қорына енді.

Сондай-ақ ол Құрманғазы атындағы халық аспаптар оркестрінің репертуарынан берік орын алған көлемді шығармалар да жазды. Олар – «Қазақ маршы», «Құрманғазы маршы», «Абай» симфониялық поэмасы, Абай әндері тақырыбына фантазия, Бірінші және Екінші тәжік сюиталары. Қазақстан композиторларының симфониялық-инструменталдық аспаптық музыкасының қалыптасуы да кеңес одағындағы кәсіби музыка жанрының қалыптасуы сияқты халықтың музыкалық шығармашылығымен тығыз байланысты. Бұл жылдар ішінде қазақтың симфониялық және аспаптық музыкасын осы даму кезеңіне лайықты, айтарлықтай байытқан композиторларымыздың бірі Б.Г.Ерзакович болды. Ол қазақтың «Камшат бөрік», «Дай-дидау», «Көгаршын» сияқты халық әндері негізінде «Увертюра» (1935 жылы) жазып шықты. Композитордың ол увертюрасы кеңестік Қазақстанның 15 жылдығына арналған болатын.

Осы жылдар ішінде А.Затаевичтің ісін жалғастырып, қазақтың фольклорлық музыка-сын жинап, зерттеу жұмысын жолға қоюда ком-позиторларымыз А.Жұбанов, Е.Брусиловский, Б.Ерзакович, Л.Хамиди, Д.Мацуциндер елеулі еңбек сіңірді. Олар қазақтың халық музыкасын жинап, зерттеп қана қойған жоқ, сонымен қатар оларды өңдеп, жаңа өмірге сәйкес пайдаланып отырды. Халық музыкасын өңдеу-түрлендіру, оны аспаптарға бейімдеу жұмыстары қазақтың кәсіби музыкасының қалыптасуына елеулі ықпал жасады.

Соғыстан кейінгі он жылдың ішінде тәжірибелі дирижерлар А.Жұбанов, Л.Хамиди, Л.Шаргородскийлер басқарған Құрманғазы атындағы мемлекеттік академиялық халық аспап-тары оркестрінің орындаушылық шеберлігі жетіле түсті. Бұл жағдай бұрынғы қазақтың халық аспап-тарын біраз жетілдіре түсуді, сондай-ақ оркестр құрамын консерватория бітірген білімді маман-дармен толықтыра түсуді қажет етті. Ұжымның концерттік бағдарламаларына оркестр орын-дайтын халық композиторларының күйлерімен қатар, сол күйлерге қосымша есебінде орыстың және шетелдік классик композиторлардың шығармалары да ене бастады.

Халық композиторларының күйлерімен қатар, С.Шабельский, Л.Хамиди, Л.Шаргородскийдің дирижерлық етуімен Глинканың «Фантазия вальсі», Дворжактың «Славян биі», Моцарттың «Рондосы», Глазуновтың «Концерттік вальсі», т.б.ойналып жүрді.

1982 жылы қыркүйек айының бас кезінде Д.Қонаев Орталық комитетке Н.Тілендиевті шақырып алып «Қазақтың ұмытылып қалған әндері мен күйлерін жарыққа шығармасақ бол-майды. Қазақта домбыра мен қобыздан басқа да музыкалық аспаптар бар екен, «Отырар сазы» фольклорлы-этнографиялық ансамблін құруды өзіне жүктегелі тұрмыз. «Қыз Жібек» фильмі арқылы неге қабілетті екенінді көрсеттің. Дәл сондай көне музыкалық мұрамызды тірілткенің жон» – деп тапсырма берді. «Отырар сазы» фольклорлы-этнографиялық оркестрі осы мақсатта құрылған еді.

Оның оркестр ретінде өмірге келуі – 1982 жылдың қазан айының 1-і күні деп есептеледі, бұл

АСПАПТАР ОРКЕСТРЫ



Халықаралық музыка күніне сәйкес келгендігімен де есте қалады.

Музыкалық аспаптардың түрлері көбейді, сапасы жақсартылды. Ата-бабамыздан келе жатқан асыл мұрамызды жинастырып, шебер жаңғыртып, бұл салада ерекше шығармашылық биікке жеткен ұжым деп Құрманғазы атындағы мемлекеттік академиялық ұлт аспаптар оркестрі және «Отырар сазы» фольклорлы-этнографиялық оркестрін танысақ керек. Құрманғазы оркестрі негізінен төкпе күйін нығайтса, «Отырар сазы» шертпе күйді кәсіби деңгейге көтерді. Бұл – баға жетпес еңбек.

«Отырар сазы» оркестрінің құрамында қазақтың көне халық музыкалық аспаптары – домбыра мен қобыздан басқа жетіген, шерттер, шаңқобыз, жезқобыз, месқобыз, сырнай, саз-сырнай, сыбызғы, асатаяқ, дауылпаз, тұяқтас, қоңырау, тағы да басқаларының үні алғаш рет кең тыныспен кәсіби дәрежеде естілді.

Бұрын орындалмай келген әндер мен күйлердің репертуар негізіне алынуы да «Отырар сазының» ерекше сонылығы. Күйлердің байырғы қабаты – қобыз шығармаларының бұл оркестрде құлпырып ойналатынын көріп те, естіп те жүрміз. Мысалы, Ықыластың «Қамбар батыр» күйі өзінің нағыз терең сипатын осы оркестрдің орындауында көрсете алған. Бір кезде онша еленбеген, бірте-бірте ұмытыла бастаған шертпе күйлердің табиғаты танылып, ойлы да сұлу келбеті халыққа кеңінен насихатталуы оркестрдің қызметінде ерекше бағасын алады. Қазірдің өзінде мұнда Тәттімбеттің «Қосбасар», «Сарыжайлау», «Сылқылдақ», Сүгірдің «Кертөлғау», «Бес жорға», Ықыластың «Ерденнің Тыр күйі», «Қамбар батыр», Қазақстан композиторларынан М.Төлебаевтың «Еске алу», Н.Тілендиевтің «Ата толғауы», «Аңсау», «Көш керуен», К.Күмісбековтің «Фараби сазы», «Қорқыт күйі» т.б. шығармалар ойналып жүр.

Сонымен қатар оркестр репертуарында Қазақстанның түкпір-түкпіріне кең таралған домбырашылық дәстүр үлгілері де қосылған. Құрманғазының «Серпер», «Қызыл қайың» секілді көпке қанықты күйлерінің өзі бұл оркестрде жаңа қырларымен танылғандай. Қазақтың барша күйшілік дәстүрін қамтуға қауқары келетін «Отырар сазының», негізінен, қобыз күйлері мен шертпе күйлерді, сондай –ақ қазақтың бұл кезге дейін көп орындалмай келген ән мұрасын да насихаттауға мейлінше ден қойып келеді. Қазіргі композиторларымыздың өңдеуімен берілген немесе тыңнан шығарылған күйлер де оркестрдің репертуарлық бағытына үйлесіп отырады.

Оркестр құрылған күннен бастап оның көркемдік жетекшісі әрі бас дирижері – Халық әртісі Нұрғиса Атабайұлы Тілендиев болды. Ол осы қызметті өмірінің ақырына дейін атқарды. Оркестрдің күллі табысы мен жаңалығы асқан домбырашы, талантты композитор Н.Тілендиев есімімен тікелей байланысты.

Батысқа келетін болсақ, 1955 жылдан Мұнайшылар мәдениет үйінде 8 адамдық домбыра үйірмесі ашылып, соның негізінде 1956 жылы 13-14 адамнан құралған домбыра ансамблі болды. 1956 жылдың күзінде осы ансамбльдің көркемдік жетекшісі болып, Алматыдан тұңғыш консерваториялық білім алып келген Сейілхан Құсайынов тағайындалды. Сейілхан жұмысқа кіріскеннен кейін, бұл ансамбльге түрлі техникумнан студенттер мен қала жастары тартылып, пединститут оркестрінен он шақты студент қатысып, құрамы 20-30 адамға дейін жетті.

Олардың қатарында прима, бүкіл еңбегі «Запказгеология» бірлестігінің аппаратында болған, геолог-ғалым. Құмар Хасанов, белгілі сағат жөндеуші Қапар Темірғалиев, прима, АМГ институтының профессоры Текей Қарамурзиевтерді атап өтуге болады. Т.Қарамурзиев сол кезде домбыра пернелерінің тағылатын орнын математикалық жолмен домбыра сабының ұзындығы мен тиектерінің аралығын дәлме-дәл есептеп шығарудың формуласын тапты. ГППИ-дан (қазіргі Х.Досмұхамедов атындағы АМУ) Қатимолла Ризуанов, Төлеу Сағындықов, Қуанғали Жұмалиев, Дәйеш Шәженбаев, Сүндетқали Түсіпқалиев, Алдамберген Хамзин, Таңаш Меңдібаев, Мәрияш Базарбаева, Зауза Жалғасбаева, т.б. студенттер болды.

1956 жылдың қысында Нұрғиса Тілендиев Гурьевке келді. Атақты сазгер әуелі студенттер оркестрін, одан кейін Мұнайшылар мәдениет үйіндегі халық аспаптар ансамблін тыңдады. Белгілі музыка маманы студенттер оркестріне жоғары баға беріп, болашақта қобыз, прима, дауылпаз, бас домбыра сияқты аспаптарды енгізу туралы кеңес берді.

Ал 1957 жылы 5-сәуірде Қазақстан Компартиясы орталық комитетінің, Қазақ ССР министрлер кеңесінің Алматыдағы үкімет үйінде бүкілодақтық және дүниежүзілік жастар фестивалін өткізу жөніндегі №175 санды қаулысы шықты. Осы негізде облыстық партия комитетінің арнаулы қаулысы қабылданып, 1957 жылы Мәскеуде өтетін жастар мен студенттердің дүниежүзілік 6-фестиваліне дайындық жұмысы жүргізілді. Мұндай әзірлік сол кезде екінші жыл ғана жұмыс істей бастаған Гурьев пединститутында да қызу қолға алынды, халық аспаптар оркестрі ұйымдастырылды, оркестр құрамы алпыс адамға жетті.

Сол тұста облысты Нұртас Оңдасынов басқарды. Ол: «Құрманғазы оркестрі бар, енді Дина атындағы оркестрді неге құрмасақ» – деген еді. Сөйтіп Гурьевте алғаш рет қазақтың ұлт аспаптар оркестрін ұйымдастыру жолға қойылды. Жетекші маман ретінде, оркестрді құрып, ұйымдастыру жұмыстары Алматыдан арнайы шақырылған «Мұнайшылар» мәдениет үйінің жанынан құрылған халық аспаптары оркестрінің көркемдік жетекшісі Сейілхан Құсайыновқа жүктелді. Бұрынғы ансамбль мүшелері сан жағынан көбейе бастады. Алғашқы кезде оркестрлік жүйеде

ұйымдастыру жұмыстарында және барлығы бірдей қосылып ойнауда үлкен қиындықтар кездесті. Бұның себебі, әр ауылдан келген оркестр мүшелері әр түрлі жолмен, өз беттерінше үйренген және домбырада ойнау стильдері де әр түрлі еді.

1957 жылы жастар мен студенттердің бүкілодақтық фестивалі облыс еңбекшілерінің өнерге деген ерекше құлшынысын көрсетті. Сол жылдың басынан бастап облыста фестивальге жаппай әзірлік жұмыстары жүргізіліп, көктемде аудан көркемөнерпаздарының байқауы өткізілді. Бұл іс-шарада облыс өнерпаздары барлық жанрда өнерлерін ортаға салды. Байқау сарапшыларының төрағасы Н.Тілендиев болды. Бір жұмаға созылған өнер мерекесінің қорытынды концерті өткізілді. 12 жылдығына сәйкес келді. 9 мамыр күні «Жилгородоктағы» мұнай өңдеу зауытының стадионында облыстың 500 домбырашысы бас қосқан, ғаламат халық аспаптар оркестрі қазақ тарихында тұңғыш рет өнер көрсетті. Орталық дирижер пультінде Нұрғиса, екі жағында аласаулау тұғырда Сейілхан мен Тоқсанбай үшеуі синхронды дирижерлық етті. Бұл сәттердің суреті облыстық тарихи-өлкетану музейінде тұр.

Осы 500 домбырашыдан 100 өнерпаз таңдап алынды. Олардың жартысына жуығы студенттер болды. Жүз адамнан құрылған оркестрге Н.Тілендиев өзі басшылық етіп, фестивальге дайындады. Сейілхан Нұрғисаға көмекші болды және ұйымдастыру жұмыстарымен айналысты.

Фестивальдің бел ортасында болған академик Ахмет Жұбанов былай деп жазды: «Кішкентай аспаптар ансамблінде немесе оркестрге нота арқылы күйлерді де, әндерді де, басқа халықтық үлгілерін де түсіріп ойнауға болады. Бұл жөнінде гурьевтіктерден үлгі алу керек. 1957 жылы облыстық фестивальге 1200 домбырашы қатысты. Осы кезде облыс көлемінде екі жүзден аса өнерпаздық домбыра оркестрі бар. Олардың басшыларының бірқатары нота сауатынан хабарлы. Өйткені оларды Гурьевке жиып алып, музыка сабағынан мәліметтер беріп жіберген. Сондықтан кейбір оркестрлері нотамен орыс, европалық музыка шығармаларын да орындайды».

Халық аспаптары музыкасы саласында да көптеген шаралар іске асырылып жатыр. Мысалы, арнаулы музыкалық оқу орындарында осы бағыттағы оқып-үйрену тәртібі белгілі бір жүйемен жүргізіліп келеді. Көптеген көне аспаптардың орындаушылық мектеп, кластары ашылды. Оларға талапкер өнерпаздар тартылып, өз ісінің білгір шеберлері, оқытушы мамандар ұстаздық етеді. Осының бәрі ертеңімізге үлкен үмітпен қарауға негіз болады.

Қанат АНДИРОВ,
Музыка және өнер кафедрасының
аға оқытушысы,
Перизат НҰРБОЛАТ,
«Халық аспаптары»
мамандығының 4-курс студенті

Сайпулла САПАНОВ,
доктор исторических наук, профессор,
Атырауский университет имени Х.Досмухамедова

Иран Ислам Республикасының Решт қаласындағы Гилан университетінде «Ирандағы орыс тілі және Евразияға көзқарас» атты ІІ халықаралық конференция өтті. Халықаралық конференцияда Гилан университетінің ректоры Мұхаммад Дустар, РФ Решт қаласындағы бас консулы Вадов А.Г. Иран, РФ, Қазақстан ғалымдары және РФ мен Азербайжан елдерінің Бас консулдары бас қосты. Ғылыми жиынға «Х.Б.Табылдиев атындағы Каспий өңірінің тарихы, археологиясы және этнологиясы» ғылыми-зерттеу инстиутының директоры, тарих ғылымдарының докторы Сайпулла Жұмабайұлы, аға ғылыми қызметкер Сайпулла Моллақанағатұлы қатысты. Назарларыңызға аталмыш конференцияға арналған тарих ғылымдарының докторы Сайпулла Сапановтың орыс тіліндегі баяндамасын түпнұсқада ұсынамыз.



ТРАНСКАСПИЙСКИЙ МЕЖДУНАРОДНЫЙ ТРАНСПОРТНЫЙ МАРШРУТ: ГЕОПОЛИТИЧЕСКИЕ И ГЕОЭКОНОМИЧЕСКИЕ ИНТЕРЕСЫ КАЗАХСТАНА

Президент РК К.К. Токаев призвал в полной мере использовать потенциал ТМТМ «Сегодня объем контейнерных перевозок по данному коридору увеличился вдвое по сравнению с 2023 годом. В целях сокращения времени доставки грузов нами была запущена мультимодальная цифровая платформа Digital Trade Corridor. В этом направлении с нами тесно сотрудничает азербайджанская сторона», – сказал Токаев в ходе неформального саммита Организации тюркских государств (ОТГ) в городе Шуша [1].

Как известно Транскаспийский международный транспортный маршрут (ТМТМ или Middle Corridor, Срединный коридор) – международный транспортный коридор, который пролегает через Китай, Казахстан, акваторию Каспийского моря, Азербайджан, Грузию и далее в Турцию и страны Европы. Маршрут также развивает международный проект «Пояс и путь», который является возрождением великого шёлкового пути в современных реалиях.

ТМТМ открыт в 2017 году. Запущено три контейнерных поезда: Шихези (Китай) – Кишлы (Азербайджан), Ляньюньган (Китай) – Стамбул (Турция), Ильичевск (Украина) – Достык (Казахстан).

По маршруту транспортируются продукция нефтехимии, черные и цветные металлы, уголь, ферросплавы, продукция сельского хозяйства. Осуществляется контейнерная перевозка грузов. Приведем статистику транспортировки с 2017– по 2023 гг [2].

Год	тыс. TEU-контейнеров	млн тонн
2017	9,0	1,3
2018	15,2	1,0
2019	26,0	0,8
2020	21,0	0,8
2021	25,2	0,6
2022	33,6	1,5
2023	20,2	2,7

Как видно с таблицы с 2022 года, после нарушения торговых маршрутов, вызванных российским вторжением на Украину, а позже нападениями хуситов в Красном море, показатели маршрута повысились.

В октябрь 2023 года, на площадке форума Silk Road в Тбилиси, между Грузией, Казахстаном и Азербайджаном было подписано соглашение о создании единой совместной железнодорожной компании «Middle Corridor Multimodal Ltd», которая призвана повысить эффективность транзитных перевозок из Китая в Европу и Турцию. Совместная компания позволяет обслуживать клиентов по принципу «одного окна» и гарантировать сроки доставки грузов.

В мае 2024 года казахстанская KIZ Express и сингапурская Global DTC объявили о запуске проекта создания цифрового коридора на Транскаспийском маршруте, путём внедрения соответствующих систем. Система Tez Customs, позволяет осуществлять таможенные оформления грузов в электронном виде, что не только ускоряет процесс перевозки и снижает возможные ошибки, но и снижает издержки компаний-отправителей. Система Digital Trade Corridor (DTC) предоставляет возможность отслеживать местонахождение груза в режиме реального времени, его таможенный статус и обновлять информацию о сопроводительных документах.

Геополитика Казахстана: борьба за каспийскую нефть и геополитическое влияние

Глубокие геополитические изменения, произошедшие в последние годы, приводят к пониманию того, что уже не существует только европейской или только азиатской безопасности. Нестабильность в том или ином государстве представляет угрозу безопасности всей Евразии. Стратегия Казахстана базируется на географическом положении страны. Республика находится в центре Евразии – самая протяженная граница с Россией (7,5 тыс. км), большой уча-

сток границы с Китаем (1700 км), на юге Казахстан близок к бурлящему исламскому миру, а это Афганистан, Иран, Ирак, граничит с Узбекистаном и Кыргызстаном. Немаловажной проблемой является стабильность вокруг Каспия на западе с его огромными энергоресурсами и переплетением интересов великих держав, тревожная обстановка сохраняется на украинско-российском конфликте.

Сегодня борьба за каспийскую нефть и геополитическое влияние в этом регионе между западными странами во главе с США, с одной стороны, и Россией – с другой, обостряется. От исхода этой борьбы зависят перспективы складывающегося многополярного мира, где претензиям США на гегемонию противостоят Россия, Китай и Иран. На сегодняшний день эпицентр начавшейся борьбы находится на Украине.

Взаимоотношения прибрежных государств в Прикаспийском регионе должны способствовать как обеспечению их политических и экономических интересов, так и сохранению моря, и рациональному использованию его ресурсов.

По предварительным оценкам, сделанным на основе сейсмической разведки в казахстанском секторе шельфа Каспийского моря запасы нефти составляют свыше 10 миллиардов тонн, а природного газа – 2 триллиона куб. м. Для сравнения – запасы нефти на громадном Тенгизском месторождении составляют около 1 миллиарда тонн. Это значит, что на шельфе Каспия Казахстан имеет месторождения нефти, равнозначные 10 Тенгизам.

Разведанные запасы в азербайджанском секторе составляют 2,3 миллиарда тонн нефти, а прогнозные – еще более 3 миллиардов тонн нефти.

Прогнозные оценки туркменской части шельфа – 3 миллиарда тонн нефти и 4,5 миллиона куб. м. природного газа.

Извлекаемые запасы углеводородного сырья возле иранского побережья оцениваются в 12–13 миллиардов, из них 75% нефти и 25% природного газа.

Не обделен запасами углеводного сырья и российский сектор Каспийского моря, хотя считается, что их несравнимо меньше, чем в азербайджанском и казахстанском секторах.

По запасам нефти Каспийское море уступает Персидскому заливу, но превышает Северное море в два раза. Значение Каспийского моря как нового резервуара нефти возрастет в начале XXI века в связи с ожидаемым к этому времени снижением объема добычи нефти на Аляске и Северном море.

«Казахстан строго придерживается мирной и сбалансированной внешней политики. Основная задача наших дипломатов – укрепление суверенитета и независимости нашей страны, защита прав наших граждан за рубежом, продвижение наших национальных интересов, привлечение инвестиций в экономику. Казахстан всегда демонстрировал готовность к налаживанию многостороннего сотрудничества, строго придерживаясь Устава ООН. Наша страна активно участвует в решении вопросов международной безопасности и стабильности» [3].

Международная ассоциация «Транскаспийский международный транспортный маршрут»:

В декабре 2016 года участники Координационного комитета по развитию Транскаспийского международного транспортного маршрута – Казахстан, Азербайджан, Грузия – приняли решение о создании Международной ассоциации «Транскаспийский международный транспортный маршрут».

Цель ассоциации совместные усилия с Программой развития ООН для устойчивого развития и укрепления регионального сотрудничества

15 августа 2024 года в штаб-квартире ОЮЛ «Международная ассоциация «Транскаспийский международный транспортный маршрут» (Ассоциация ТМТМ) состоялась

встреча с представителями Программы развития ООН (ПРООН).

В ходе встречи стороны подчеркнули значимость Ассоциации ТМТМ в развитии инфраструктуры и укреплении регионального сотрудничества в Центральной Азии. Ассоциация ТМТМ играет ключевую роль в улучшении транспортной инфраструктуры, обеспечении экономической устойчивости и социального благосостояния, уделяя особое внимание экологической устойчивости и инклюзивности, также была отмечена важность минимизации воздействия на окружающую среду и обеспечения устойчивого использования природных ресурсов, включая использование «зеленой» энергии и цифровых технологий.

Казахстан, занимающий 9-е место в мире по площади, расположенный в центре Евразии, как заявил Маккиндер, и имеет большое геополитическое значение с точки зрения соединения Китая с Западом и России с Восток. Казахстан, имеющий на своей территории 99 элементов таблицы Менделеева, привлекает внимание всего мира своими богатыми природными ресурсами, расширяет возможности взаимной торговли и подчеркивает геополитическое значение Центральной Азии. Способность страны проводить многовекторную внешнюю политику и устанавливать прагматичные отношения с соседними государствами, такими как Россия и Китай, а также США и западные страны, дает Астане дополнительное преимущество в ведении международной дипломатии.

Геоэкономические интересы Казахстана Президент Казахстана К.К. Токаев считает что, реализация экономических торговых, транспортных и инвестиционных проектов через коридоры Север – Юг и Восток – Запад на сегодняшний день является перспективной для всех участников проекта. Транскаспийский международный транспортный маршрут, дополняет важнейшую инициативу КНР «Пояс и путь», открывает ценные перспективы торгового сотрудничества. Такое взаимодействие будет способствовать развитию межрегиональной торговли и раскрытию всего транзитного и транспортного потенциала наших регионов. Как известно, идея председателя КНР Си Цзиньпина о возобновлении в Евразии древнего Шёлкового пути в новом, современном формате была ответом на усилившиеся политические, экономические и гуманитарные кризисы в мире. Экономический пояс Шёлкового пути направлена на развитие платформы ШОС, ЕАЭС и Европейского союза в единую региональную территорию процветания.

На наш взгляд, для успешного развития и завершения в 2050 году идеи «Один пояс – один путь» необходимо наличие взаимного доверия между вовлеченными странами и их готовность к равноправному и всестороннему сотрудничеству.

В XXI веке геополитика постепенно уступает место геоэкономике. Другими словами, экономические интересы будут диктовать военные и политические интересы. На глобальном уровне создание экономических блоков, опирающихся на военнополитические средства защиты угрожает: а) принципам свободной торговли; б) созданию многополярной мировой системы. Вместе взятое это может привести к новому переделу мира на сферы влияния и новым глобальным конфликтам.

Важно заметить, что первая половина XXI века отмечена соперничеством великих держав. И в наших интересах, интересах государств Центральной Азии, важно занять правильную позицию по отношению к этому глобальному геоэкономическому феномену [4].

Вызовы истории ставит перед народами необходимость поиска адекватных институциональных механизмов решения проблемы объединения в разных сферах и различными способами – политическими, экономическими, культурными, гуманитарными.

В этом контексте на сегодняшний день актуальной является развитие ТМТМ, проблемы и перспективы сотрудничества прикаспийских государств.

С момента распада биполярной системы мир не стал безопасным. Это приводит не только к сохранению старых региональных очагов напряжения, но к появлению новых зон нестабильности, как это сейчас хорошо видно в Украинеи на Ближнем Востоке. С учетом этого следует понимать, что Каспийский регион также находится в пограничном состоянии между потенциальной дестабилизацией, с одной стороны, и более тесной региональной кооперацией по многим направлениям сотрудничества, с другой стороны. И от способности всех прикаспийских государств минимизировать текущие риски, а также от их готовности к появлению любых «черных лебедей» зависит, в какую сторону качнет Каспийский регион.

Заключение

Таким образом, в свете динамично меняющейся торгово-логистической конфигурации в регионе, «Транскаспийский международный транспортный маршрут» (ТМТМ) все больше играет роль основного направления перевозки товаров из Китая в Европу, о чем свидетельствует резкий рост объема перевозок и спроса на услуги коридора крупными европейскими транспортно-логистическими компаниями.

Наличие у Казахстана развитой сети трансграничных железнодорожных коммуникаций в совокупности с удобным рельефом местности позволяет предоставлять быстрое прохождение и планомерное наращивание объемов транзита грузов из Китая, что является неоспоримым конкурентным преимуществом для РК.

Проходящий через Казахстан маршрут открывает доступ к огромному региональному рынку, насчитывающему около 680 млн. потребителей. В частности, потребность западного Китая – 300 млн., ЕАЭС – 180 млн., стран Каспийского побережья – 150 млн. и Центральной Азии – 50 млн. С учетом этого ТМТМ, известный как «Средний коридор» представляет собой стратегическую логистическую ось, соединяющую Китай с ЕС.

По планам развития транспортно-логистического потенциала Казахстана, увеличение объема грузоперевозок к 2030 году через ТМТМ оценивается до 20 млн. тонн. В этой связи данное направление можно считать одним из ключевых приоритетов развития для стран-участниц Специальной программы ООН для экономик Центральной Азии, которые прямо или косвенно участвуют в ее функционировании.

Отсутствие прямого железнодорожного сообщения у Узбекистана и Туркменистана с Китаем не позволяет Ташкенту и Ашгабаду увеличивать трансграничные перевозки по своей территории. С учетом данного фактора, в долгосрочной перспективе статус главной транзитной территории в Центральной Азии будет сохраняться за Казахстаном, что позволяет сохранить необходимый потенциал ТМТМ, который необходимо использовать Азербайджану.

С учетом непосредственного участия азербайджанской стороны в функционировании ТМТМ, организация работы по универсализации электронного оформления грузов (разрешительные документы для прохождения пограничного и таможенного контроля, перемещения товаров транзитом) и синхронизации цифровых решений со странами по направлениям основных транзитных маршрутов позволит расширить возможность данного маршрута, отслеживать грузопотоки по пути следования и сократить задержки на границах.

ТМТМ как один из основных направлений доставки грузов из Китая в обход России, становится перспективным объектом инвестиций для европейских логистических компаний, участие в котором позволит им создать необходимое преимущество перед своими конкурентами.



ЖЫРДЫҢ ЖАРЫҚ ЖҰЛДЫЗЫ – ФАРИЗА

«Жырдың жарық жұлдызы – Фариза». Қазақ поэзиясының падишасы, Халық жазушысы Фариза Оңғарсынованың 85 жылдығына арнап өткізілген Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетіндегі поэзия кеші осылай аталды.

Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының 2-курс студенттері ұйымдастырған Іс-шараға оқытушы-профессорлар мен студенттер қатысты.

Фариза Оңғарсынова – нәзік жүректі ақын ғана емес, терең ойлы, шынайы сезімді жырлаушы. Оның өлеңдеріндегі мұңды махаббат – адалдықты, шынайылықты, тіпті жүректің азабын асқан нәзіктікпен жырлау.

Іс-шарада ұйымдастырушылар поэзия падишасының өмір жолындағы қилы кезеңдерінен әсерлі сахналық көрініс қойып, өлеңдерін жатқа оқыса, бір топ студенттер ақынның сөзіне жазылған «Мен саған ғашық емес ем» әнін шырқады. Ақынжанды студенттер кесек тұлғаның рухына арналған төл туындыларын оқып берді.

«Сіздердің қойылымдарыңыз ең қызықты да әдемі естеліктерімді, артта қалған студенттік шағымды еске түсірді. Бұл кезең – жігіттердің қыздарға өлең арнап, қыздар махаббат туралы ән шырқап, сезімдерді бастан кешіріп жүретін балғын шақтарыңыз. «Болмасаң да ұқсап бақ» дегендей, сіздерге Фариза ақынның жолын берсін, ақындық қасиеті дарысын! Осы қойылымдарыңызды университет жатақханасында да қойсаңыздар», – деп ұсынысын жеткізді Көптілді білім беру факультетінің деканы Меруерт Аманғазиева қорытынды сөзінде.

Поэзия кешінің соңында студенттер Фариза ақынның оқырманға арнаған тілегін оқып, хормен ән шырқады. Іс-шара студенттердің әдебиетке деген сүйіспеншілігін арттырып қана қоймай, шығармашылық ой-өрісін дамытуға ықпал етті.



КУРСЫ ПОВЫШЕНИЯ КВАЛИФИКАЦИИ ДЛЯ УЧИТЕЛЕЙ

С 26 ноября 2024 года на базе НАО «Атырауский университет имени Х.Досмұхамедова» начались курсы повышения квалификации для учителей города Атырау и Атырауской области, преподающих русский язык и литературу. Их организатором выступили представители цифровой образовательной платформы персонализированного обучения Amansultan, а преподавателями являются члены кафедры русской филологии нашего университета.

Курс посвящен весьма актуальной в настоящее время теме – «Эффективные методы активизации познания и функциональной грамотности обучающихся в средней школе» и нацелен на повышение квалификации педагогов, профессиональных знаний и навыков эффективной организации методической работы в области формирования и развития у школьников функциональной грамотности, улучшения методических подходов к преподаванию русского языка и литературы, а также улучшение качества образования и формирование коммуникативной компетенции школьников, развитие их критического мышления, способности к самоанализу и самооценке, адаптивности к переменам в социальном окружении и адекватной саморегуляции. В рамках обучения раскрывались такие значимые темы, как «Анализ современных требований к результатам обучения», «Анализ текста по уровням читательской компетентности: поиск и извлечение информации, интеграция и интерпретация, осмысление и оценка», «Использование интерактивных методик развития навыков письма и мышления обучающихся», «Технология «Чтение и письмо для развития критического мышления» как средство формирования критического мышления старшего школьника». По окончании курсов учителя школ получили сертификаты об освоении вышеуказанной профессиональной программы.

В проведении занятий на курсах участвовали кандидаты филологических и педагогических наук А.Н.Карташова, Ж.Е.Кенжебаева, С.С.Дутбаева, Л.Б.Алекшова, старший преподаватель Г.К.Сахуалина, магистр педагогических наук Н.Б.Кайрлиева.

Я присоединилась к работе на курсах со второй недели, после того, как уже отучился первый поток слушателей, и была очень рада своему участию. Признаюсь честно: перед началом работы я внутренне досадовала, что столько времени придется потратить на подготовку к этим занятиям, на их проведение, ведь времени всегда в обрез, а забот и неотложных дел у современного педагога хоть отбавляй. Но какой же заряд вдохновения, удовлетворения, радости и благодарности я получила за эту неделю!

Стандартная трудоемкость курсов в 40 часов вобрала в себя увлекательные практические занятия, усвоение сложных теоретических проблем лингвистики и литературоведения, богатство методических находок, оживленный обмен мнениями и опытом. Опытным преподавателям кафедры ассистировали студенты выпускных курсов и магистранты. Каждый день с 9 часов утра и до самого вечера в двух больших аудиториях занимались группы приблизительно по 30 человек в каждой. При объяснении профессора-лекторы и преподаватели-практики широко применяли интерактивные технологии. Закрепление материала также осуществлялось с их использованием, а формы контроля были представлены разными видами игр, викторин, тестов.

Основной упор был сделан на ознакомление и освоение эффективных методов, способствующих активизации процесса познания, формирования и развития функциональной грамотности учащихся. Наряду с этим слушатели дополнили и багаж теоретических знаний в области новых направлений языкознания и основных тенденций развития современной литературы.

Задания, которые предлагалось выполнять слушателям курсов в ходе обучения, открывали простор для применения их творческих возможностей, раскрытия потенциала креативности, оригинального, нестандартного подхода к решению вопросов. И наши учителя-русисты с блеском продемонстрировали свои способности: и оперативность абстрактного мышления, и живость практического ума, и умение мгновенно выделить главное, и глубину постижения сути сложной проблемы, и безбрежный полет мысли во время дискуссий, и свободное владение интерактивными методами представления информации – представления яркого, красного, нетривиального! Одно удовольствие было работать с такой аудиторией!

А уж какое удовольствие, какую радость подарили неожиданные встречи, когда одна за другой подходили с добрыми словами приветствия мои бывшие ученики! Студенты моей первой кураторской группы, дипломники, выпускники разных лет: 1977–78 годов, 2000–го, 2022–го... Спасибо вам, девочки, за добрую память, за то, что помните до сих пор темы своих дипломных работ, наши занятия, разборы многочисленных сложных предложений, какие-то веселые и добрые моменты давнишнего нашего общения! Я смотрела на вас сквозь эту ностальгическую дымку воспоминаний, любовалась присланными вами фотографиями двадцатилетней давности, испытывала гордость от осознания того, что вы остались верными нашей профессии – самой прекрасной на свете! радовалась тому, что в этой профессии вы по-настоящему состоялись, и благодаря вам расширяется круг людей, любящих чтение, ценящих духовную культуру и вечные ценности – ведь именно это вы воспитываете в своих учениках и убеждаете их не просто словами, а личным примером.

Атмосфера на курсе была потрясающей. Учителя постарше и молодые еще девочки легко нашли общий язык, составив замечательный союз мудрого опыта и бесстрашной юности. И особенно рада тому, что так много грамотных, компетентных, вызывающих уважение и чрезвычайно располагающих к себе учителей увидели наши студенты групп РКШ 3(3) и 4(4), это для них наглядный пример и площадка для накопления опыта. Они увидели, что учителя Атырауской области умеют и серьезно работать, и зажигательно веселиться! Благодаря моим помощниц Нурикамал, Айжан, Назым, Райхан, Дану, Ренату, Гульназ!

В этом году кафедра проводит обучение в течение трех недель. Затем с новенькими сертификатами и новыми впечатлениями наши учителя – наши воспитанники – наши коллеги вернутся к своим рабочим будням, и пусть в круговороте обыденной жизни их будут греть воспоминания об этой неделе. Успехов в работе, хороших учеников, счастья и благополучия всем! Университет, наша кафедра всегда вам рады, готовы помочь и сотрудничать, ведь мы с вами – «одной крови»!

Жаркын КЕНЖЕБАЕВА,
профессор кафедры русской филологии

ТӘУЕЛСІЗДІККЕ БАСТАҒАН АЛҒАШҚЫ ҚАДАМ

Желтоқсан оқиғасы – қазақ халқының тарихындағы ең шешуші кезеңдердің бірі екендігі анық. 1986 жылдың желтоқсанында Алматының қақ ортасында алаңға шыққан қазақ жастары елдің еркіндігі мен әділеттілік үшін күреске шықты. Бұл оқиға тек бір топ жастың наразылығы емес, күллі ұлттың намысы мен рухын көрсеткен тарихи сәт болды.

ҚАЗАҚ ЖАСТАРЫНЫҢ ЕРЛІПІ

Меніңше, Желтоқсан оқиғасының ең басты ерекшелігі – жастардың батылдығы. Сол кездегі кеңес одағының тоталитарлық жүйесі кез келген қарсылықты күшпен басып, адамдардың еркіндігін шектегені белгілі. Бірақ қазақ жастары өздерінің ұлттық намысы мен болашағы үшін ештеңеден тайсалмады. Олар Мәскеудің шешіміне қарсы шығып, өздерінің ұлттық құқығы мен қадір-қасиетін қорғауға тырысты.

Ел басына сырттан басшы тағайындау туралы шешім халықтың наразылығын тудырды. Бұл әділетсіздікке шыдамаған жастар бейбіт шеру ұйымдастырып, өз талаптарын ашық айтты. «Қазақ жеріне қазақ басшы керек!» деген ұран – олардың ұлтқа деген адалдығының, патриотизмінің айқын дәлелі.



ТӘУЕЛСІЗДІКҮШІН КҮРЕС

Аталмыш оқиға қазақ халқының тәуелсіздікке деген ұмтылысының көрінісі болды. Сол күндері алаңға шыққан әрбір жастың арманы – елдің еркіндігі, ұлттық мүдденің қорғалуы еді. Олардың көздеген мақсаты тек өз заманының әділеттілігін қалпына келтіру емес, болашақ ұрпақ үшін еркін өмір сыйлау болатын.

Алайда бұл ерлік оңайға соққан жоқ. Аязды күндерде алаңда тұрған жастарға қарсы күш қолданылып, жазықсыз азаматтар азап шекті. Көпшілігі қудалауға ұшырап, өмірі қиылды. Бірақ олардың ерлігі ешқашан ұмытылмайды. Себебі бұл оқиға қазақ халқының тәуелсіздікке жету жолындағы алғашқы әрі маңызды қадамы еді.

ТАРИХИ САБАҚ

Желтоқсан – батырлықтың, әділет үшін күресудің символы. Ол бізге әрдайым ұлттық бірліктің, батыллықтың қаншалықты маңызды екенін еске салады. Бүгінгі тәуелсіздігіміз үшін сол кезде



өз өмірін тәуекелге тіккен ержүрек жастарға қарыздармыз. Олардың ерлігі мен жанқиярлығы бізді үнемі алға жетелейді.

Бұл – тарихтың бір парағы ғана емес, ол әр қазақтың жүрегінде сақталатын мәңгілік сабақ. Ұлттың намысын қорғау, елдің мүддесін ойлау – әрқайсымыздың борышымыз. Бүгінгі еркін өмірімізді сақтап, оның қадірін түсіну – сол күндердегі батырлардың алдындағы үлкен жауапкершілік.

Қорытындылай келгенде, Желтоқсан оқиғасы – тәуелсіздікке бастаған алғашқы қадам. Осы арқылы ұлт үшін күресудің қаншалықты маңызды екенін көрдік, өткенімізді ұмытпай, болашағымызды қорғау үшін әрдайым белсенді болуды үйрендік. Мен Желтоқсан батырларын әрдайым құрметпен еске алып, олардың ерлігін мақтан тұтамын. Біз олардың аманатын сақтап, тәуелсіз Қазақстанды гүлдендіруге бар күшімізді салуымыз керек.

Аружан МАКСИМОВА,
«Журналистика және ақпарат»
ББ 3-курс студенті

ТӨТЕ ЖАЗУҒА ТӨТЕ ЖОЛ АШАЙЫҚ



Әл-фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті А.Байтұрсынов атындағы Қазақ тіл білімі кафедрасының қауымдастырылған профессоры, филология ғылымдарының докторы Жұбай Орынай Сағынғалиқызы Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде төте жазуды насихаттап, қонақ-дәрістер өткізді. Ол дәріс барысында бұл жазуды әуелі ұсынған Алаш зиялылары мен Х.Досмұхамедов екенін алға тартты. Өмірімде алғаш рет қаламым өз сиясына шалынып, жазуым пернетақтаға айналардай болды.

Ең бірінші Орынай Сағынғалиқызы 1926 жылы Бакуде өткен бүкілодақтық түркологиялық алғашқы съезіндегі оқиғаны баяндады. Съезде қазақтың арыстары ақыратынын біліп, төраға отырғандарға «Ахмет шықса күліңдер» деп тапсырма беріп қойған. Ал зиялының мақсаты – қазақ әліпбиін сақтау еді. Қазіргі тілмен айтқанда, жобасын қорғап тұрған Байтұрсынұлына «Ана сөзді жаз, мына сөзді жаз» деп келеке етіп, төте жазуға төте жол бермеген. Ал төраға болса, қоңырауын шылдырлатып, шуды тоқтатқандай өтірік сыңай танытқан. Бірақ, Ахметтің төзімділігі мен сабырлығы қазақ тілінің ең әдемі тіл екенін мойындатқан. Ал ең нашар деген тіл – әзірбайжандардікі боп есептелген. Съезде қазақ арысын татарлар қос қолдап жақтаған. Өйткені олардың

да лингвистика мектебі құртылуға сәл қалып, түркілерден бір көсем шықса, еруге дайын болған. Орыстар «көшейік» деп көшпеген. Олардың қатарында: Сталиннің ығындағы грузиндер де бар. Ал зиялылар, қазақтар латын тіліне көпсе қисық сөйлеген баланың артикуляциясы бұзылып, мөлдір тілдің калькаға айналып, көркем жазудан айырылатынын білген.

Олардың бейнесі шынымен аңыз. Мысалы, әлем деңгейінде мойындалған ақпараттарды, кезінде 1923 жылы «Шолпан» журналына Алаштықтар жариялап қойған. «Жануартану, табиғаттану, тән тіршілігі, денсаулықты сақтау» еңбектерінде Халелдер жілігін шағып, майын ішкен. Баспаға қазақ оқытушыларының дене тәрбиесі, қазақтың ғашықтық өлеңдері талқыланған. Тек, қазіргі білім сапасын көтеру үшін, Мағжанның «Педагогикасын», Қ.Имантайұлының алгебрасы сияқты оқулықтарды пайдалануды білім саласындағы шеңділер түсінбей жүр. Тіпті көптеген деректер жоғалып жатуы да мүмкін. Бұны, Ташкендегі мұраның қақпасын аша алмай жүрген Орынай апайымыз түсіндірді.

Негізі Ташкен қаласы қазаққа тиесілі. Ұлы тұлғалар қазақтың тағдыры үшін еңбек сіңірген жерде тарихтың қазаны қалып қойған. «Ана бір күні бірдеңе өртеніп еді. Бірге кеткен шығар деп беттері бүлк етпейді», – деп күйіне

айтты асыл мұраларымызға қол жеткізе алмай жүрген Орынай ханым. Сондықтан мектептегі білім беруді де түзеу керектігін жасырмады. Мысалы, оқушылар Исатай мен Махамбетті тентек батыр ретінде көретінін жоққа шығармады. Отаршылдық саясатты қолдаған қазақ хандарына қарсы шыққаны терең түсіндірілмейді.

– Қазір әлемде тіл әуезді болу үшін не істейміз деген проблема көтеріп жатыр. Ал қазақтардың даласы ән айтып тұрған сияқты дейді өзге халықтар. Ол біздің тіліміздің әуезділігінен. Оны терминнің атасы Ахмет былай айтады: Шамалы мен шанышқы сөздерінің қайсысы әндетіліп естіледі? Әрине шамалы. Өйткені ашық дауыстылар көп. Ал, шанышқыда қысаң дауыссыздар бар. Екі дауыссыз қатар келіп, сөз ұшпайды. Сондықтан, қазақ тілінде екі дауыссыз қатар келмеуі тиіс. Сол үшін, үммет сөзін арабан аударғанда үмбет дейміз, молла-молда, сәлте-сәлде. Махмұдәлі-Мәделі, Алла емес, Алда разы болсын деп үлкендеріміз айтатын.

Осылайша, тіл жанашыры тақтаға ақ борды шаңдатып жіберді. «Ләззат емес, ләзәт, махаббат емес, махабат, театр-тиатр, съезд-сйезд, керуен-керіуен, байиды-байыйды, полиция-пәлетсе» деп жазу керектігін айтты. Қалай дыбысталады, солай жазылу керек. Х.Досмұхамедұлы «и» әріпі «е» мен «і-«нің қосындысы, қ мен к, ғ мен г бір таңба екенін тар заманда зарлап кеткен. Бертін келе, профессор Ә.Жүнісбек, и әріпі 60% «е» мен 40% «і» әріптерінің қосындысынан екенін дәлелдеген. Қарап отырсақ, ғалымдарымыз дәлелденген нәрсені дәлелдеп, көк тер боп жүр. Неге жиылыңқы, сойылыңқы, қойылыңқы әрі дауыссызы да үндесетін уәжі бар жүйені қабылдай салмасқа?

– Орыстар человек сөзін люди, ребенок-ті дегіге ауыстырады. Ч қайда, в қайда түсініксіз. Ал қазақ ек сөзін алып, егінші, егістік, егу деп оңайлатады. Сол үшін Ахмет, «бала тіл үйренгенде ойнап отырып үйрену керек» дейді. (Суретте мысал көрсетілген) А-и, р-и, з-и. Қараңыз, а – деп аузымызды ашамыз, р деп ырылдаймыз, з деп ызыңдаймыз.

Үйренетіні үш әріп, түсінетіні – мол. Мешіттер де арабша жазылған сөздер өрнек секілді көздің жауын алады. Төте жазу да дәл солай. Сол үшін Ахаң тек артикуляцияны ғана емес, көркем жазуды да ескерген.

Орынай ханым, тіпті қайын жұртындағы мына бір оқиғаны айтып берді. Әулеттің үлкені ғұсыл құйынып, бір ақ орамалға оралған кітаптарды Құран деп есептеп парақтайды екен. Апамыз, білімге қызығып, артынша ол да тазаланып, орамалды ашып қалғанда ол кітаптар Құран емес, төте жазумен жазылған қадімгі Абай сынды ғұламалардың еңбектері екен. Ашқан сайын үгітіліп жатқан беттерге қарап, ішкі қыж-қыж қайнапты. Яғни, латынға төте әліпбиді айырбастамайық деп жылаған Ахаңның себебі осында. Көптеген төте жазудағы кітаптар, кей қазақтың үйінде Құран болып тұруы мүмкін. Өкінішті.

Дәрісте Батыс елдерін де талқыладық. Мысалы, көз ауруының бәрі Еуропадан шыққан екен. Өйткені олардың жазуы – бойы бірдей таңбалар. Ал төте жазу – сурет. Көзбен қарасақ, төте жазуды қабылдау миға, көзге кері әсерін бермейді. Ал ағылшын тіліне «Q» әрпі латын тілімен «q-к» деп егіз қылсақ та, баланың ұғынуы қиын. Со-сын шетелдіктер секілді -қ, -ң, -р, -ғ әріптеріне сақауланып жүреді.

Әрине, дәрістің бәрін бір мақалаға сыйғызу мүмкін емес. «Біз базардан кетіп жатырмыз. Сіздер енді келе жатсыздар. Академик Рәбиға Сыздықдүниеден өтті. Рәбиға апайдың мұраларын жинақтап, кейінгі ұрпақтарға біз жеткіземіз. Біз секілді ешкімі жоқтар, өмірден кетсек, бізді кім іздейді? Тіл лингвистикасын кім насихаттайды? Біз соңғыларымыз. Сондықтан біз өз сабақтарымызды сіздерге аманат етеміз. Сабақты аманат деп біліңіздер» деген түйіні көңіліме түйіншек боп сақталды. Сондықтан, ардақты оқырман, ол кісінің дәрістері ғаламторға толық жүктелді. Таза сөйлеймін, мөлдір жазамын десеңіз, мархаббат. Орынай ханымның дәрістерін қарап шығыңыз!

Нұрлыгүл ДОСТАНОВА,
«Журналистика және ақпарат»
ББ 4-курс студенті

Тарихшы, жазушы Жеңісбек Мұстафин: «ӨМІРДІ БОЛЖАУ ҚИЫН...»

Өз туған жерінің тарихына қанық болып өскен ұрпақ елінің ертеңін ойлайтын азамат болары хақ. Ұлттың рухани мұрасы – оның ескіден еншілеп алған тарихы. Бұл мұраны сақтауда ғалымдар мен жазушылардың рөлі ерекше. Атырау өлкесінің тумасы, белгілі тарихшы және жазушы Жеңісбек Мұстафин өзінің Әбілғазы Баһадүрдің «Түркі шежіресі» (1603–1664 жж) атты монографиясында түркі халықтарының тарихын зерттейді. Бұл зерттеу тек тарихшылар қауымы үшін ғана емес, жалпы оқырман үшін де баға жетпес рухани байлық. Ұлттың өткенінен сыр шертетін еңбектің авторымен ғылым төңірегінде әңгіме қозғадық.

– Жеңісбек Жұпболұлы, ең алғаш жазған еңбегіңіз «Ортағасырлық Сарайшық» тақырыбында болды. Енді, алғашқы еңбегіңіз бен соңғы шыққан еңбегіңіздің арасында нендей байланыс бар?

– Тарихтың өзі әртүрлі салалардан тұрады. Шежіре – сол тарихтың бір саласы. Оны «ауызша тарих» деп те атайды. Ең алғашқы жазған «Ортағасырлық Сарайшық» атты монографияда көне Сарайшық қаласының дамуының негізгі кезеңдері баяндалған. Ал Әбілғазы Баһадүрдің «Түркі шежіресі» еңбегін «Ортағасырлық Сарайшыққа» енгенге материалдар болғандықтан жазып шықтым. Оның ішінде бүкіл ортағасыр кезең-кезеңдерімен баяндалған деректер бар. Бұл шежіре, сол себепті жүйелі түрде жазылатын еңбек. Мен бұны өте шапшаң жаздым. Бір жылда аяқтадым десем де болады. Сондықтан, тақырыптан ауытқу немесе қайтадан жазу деген мүлдем болған жоқ. Әбілғазы Баһадүр – Шыңғысханның төре тұқымы. Кешегі кеңес заманында төре тұқымына қандай көзқараста болғанын білеміз. Сол үшін Әбілғазы Баһадүрдің шежіресіне көп мән берілмеген. Алайда осы еңбекті тарих тұрғысынан зерттеп жазғанымға қуаныштымын.

– Ғылыми еңбек жазудағы ең басты қағида қандай? Ғылым жолын жалғаймын деген, оның ішінде тарихты тереңірек зерттегісі келетін жастарға ең бірінші нені ескеру керек?

– Ең басты қағида – дереккөз. Дерексіз ешқандай тарих жазылмайды. Екіншіден, көп оқу. Ерте замандағы саяхатшылар, тарихшы-ғалымдардың еңбектерін оқу керек. Тек оқып қана қоймай, туған жердің тарихын көзбен көріп, білген де абзал. Мысалы, музейді айтайық. Мені бала кезімде Сарайшыққа анам алып барған. Ерте кезде Сейіт ата деген араб келіп осы өңірде Ислам дінін таратқан. Бүкіл ғұмырын Ислам дінін таратуға арнап, сол жерде қайтыс болған екен. Мен бала кезімде көрген Сарайшық пен қазіргі Сарайшықтың кейпі мүлде басқаша. Тарихты зерттеймін, жазамын деген жастарға мүмкіндік көп.

– Бұл екі еңбекті жазуға деген мотив қайдан пайда болды?

– Ең алғаш Вениамин Петрович Юдин деген ұстазым «Жеңісбек, ты знаешь на твоём родине городище Сарайшык есть. Давай занимайся этим» деді. Сол кісінің басшылығымен Сарайшық қаласына зерттеуімді бастадым. 2011 жылы Бабаш Әбілқасымұлы: Әбілғазы «Шежіресін» алғаш рет өзім зерттеп, ғылыми айналымға түсіріп едім,



тілдік жағын өзім зерттедім, тарихқа қатысын өзін зерделерсін деп ұсынып отырмын», – деп сенім мен тілегін білдірген. Содан кейін Әбілғазы Баһадүрдің «Түркі шежіресі» хақында жазып шықтым.

– Жоғары оқу орнында қызмет еткен жылдарыңызда шәкірттеріңізге қандай бағыт-бағдар беруші едіңіз? Оқу оқып, білім алғанның барлығы шетінен ғалым болып кетеді деп ойлайсыз ба?

– Мен шәкірттеріме «Бір-бірлеріңе сүйеніш болу үшін адал ниет пен көңіл қажет. Пейілдерің таза болсын. Дүниені танып-білуге құштар болыңдар. Қиыншылыққа мойымай, қолдарыңнан келетін іске бар ынта-жігерлеріңді салыңдар. Өмір деген бірінші университет. Уақыт өте бәрін түсінесіңдер» деп айтып отыратынмын. Олардың көп қатары жақсы оқитын. Әрине, барлығының бірдей ғалым болуы мүмкін емес. Бірақ, қоғамға пайдасын тигізетін маман иелері болса, соның өзі мақтаныш. Менің шәкірттерім әртүрлі салада қызмет атқарады. Оның ішінде облыстық білім беру ұйымдарында, жоғары оқу орындарында қызмет жасап, игі істер атқарып жатқандары да бар.

– Қазір технологияның дамыған уақыты. Заманымен қатар адамы да өзгеріп отыратын жаңа ғасырдың жас ғалымдарына осы ғылым-білім турасында қандай ақыл айтар едіңіз? Ғылымды үйреніп, нәтижеге жетуде не нәрсеге мән берген абзал?

– Біздің халқымыз – данышпан халық. Қазақ айтады: «Білім инемен құдық қазғандай». Инемен құдық қазып, су шығару қандай қиын болса, ғылыммен айналысу да сондай. Бірақ, ең бастысы нәтижеге жету, еңбек ету. Қазір ғылымға үлкен мән беріліп жатыр. Ғылым деген өте ғажап нәрсе. Себебі, ғылым-білімсіз елдің экономикасын, халықтың тұрмыс-тіршілігін жақсарту мүмкін емес. Президент 2025 жылды «Жұмысшылар» жылы деп жариялауы да бекер емес. Жастар кітапханаға барып, бір кітап оқыса да көкжиектері кеңейіп, рухан байып қалады. Өмірді болжау қиын. Бірақ, оны адал сүре білу де үлкен жұмыс. Адал еңбек пен адал іс – адамды жетістікке жетелейтін бірден бір құрал!

– Тағылымға толы әңгімеңізге рақмет, Жеңісбек Жұпболұлы! Қаламыңызға қуат берсін!

Жанарай ЕРБОЛАТҚЫЗЫ,
«Журналистика және ақпарат»
ББ 4-курс студенті



АҚЫН АҒА МЕНДЕКЕШ

Батысымнан шыққан дүлдүл ақындар,
Ойлы қырлы тең келмейтін асылдар.
Міне, осы ақындардың асылы
Мендекеш аға есімізде әлі бар.

Көрмедік – ау толғаусыз кеткен ақынды,
Барлығын да уайымдап кетті, халқын да,
Зарлы халық үнін жиі естіген,
Мендекеш те толғады – ау талай ғасырды.

Жастайынан жетім қалған Мендекеш
Бауыр тұтты барлық жанды бөлмеді еш
Жалғызбын деп жатақтанып қалмады
Жұмыс істеп білуден еш тынбады

Қолдан келсе көмегін бір қылғаны
Барлығына қарайласты, тынбады
Адамдығы бұл ақынның емес пе
Сұраусыз – ақ көмек қолын созғаны?!

Міне, осылай алды елдің батасын,
Білім алып тілші болды жас ақын.
Жастық шақтың жалынын бос өткізбей,
Ғылым құды тоқтаусыздан ерінбей.

Бар ма ақын поэзиясын сүймеген?!

Тыңдағанда көңіліне түймеген.
Әр адамды жамандықтан жирентіп
Жақсылыққа бағыт беріп үндеген.

Кең пейілді Мендекештің жанында.

Жары болды Рузиядай қасында.
Көркіне сөз жетпес асыл жарының,
Қамқорлығы болды айтсақ тағы да.

Ізін жалғар болды екі «қанаты»,
Өзі өлсе де «қанаттары» талмады.
Әке жолын құған Ербол, Расулы,
Алғыр болды білуден еш тынбады

Міне, осылай болды ақын өмірі,
Ажал құшты ойлаусыздан бір күні.
Өзі өлсе де өлеңдері өлмейді,
Сақталады ұлы тұлға есімі.

АУЫЛЫМ

Қалай айтсам, ауылымды тауыса алам,
Қымбат қой әрбір суы, тасы маған.
Кең пейіл, ақ жүректі адамдарын
Қалайша жай сөзбенен айта салам?!

Жетпейді ауылыңа ешбір қалаң,
Париж, Лондон болса да жетпес оған.
Көк майсаға оранып, көкке толып,
Жайнасын кең алқапты жасыл далам.

Самаурыны қайнаған көк түтінде,
Қозы-лағы ойнаған көл бетінде.
Адамдары қонақжай, барын берер,
Кең даладай ықылас-көңілі де.

Ғайрелфанат МҰРАТОВА,
«Журналистика және ақпарат» ББ 2-курс студенті

«АЛҒАШҚЫ МАХАББАТ»

Жуырда «Саф» студенттік театрының «Алғашқы махаббат» комедиясы сахналанды. Көрермен күле отырып өткен өміріне шегініс жасап, мектеп кезіндегі түрлі қызықтарды, естеліктерді еске түсіруге мүмкіндік алды. Осы оқу жылының маусымашары ретінде қойылған туынды Атырау жастар театрының сахнасында көрсетілді.

Әртүрлі мамандықтардан құралса да университет қабырғасында оқу мен өнерді қатар алып жүрген театр жастарының бұл қойылымы көрерменнің ыстық ықыласына бөленді.

Әр адамның естен кетпес есер шағы мектеп қабырғасында өтетіні рас. Маған бұл қойылымда қатты ұнағаны – Ержан кейіпіндегі Шұғыла Асанқызының рөлі болды. Себебі, ол қыздың сахнада өзін ұстауы жұртшылықты өзіне баурады. Көріп отырып ауылымды, достарымды, әсіресе сыныптастарымды қатты сағарым кеттім. Әр кейіпкердің өзіндік ерекшеліктерін көрсеткенде балаша қуанып отырдым.

Айта кетсек, «SAF» студенттік театры – университет қабырғасында 2017 жылы құрылған, ресми мерекелер мен сабақтан тыс уақытта қойылымдар сахналап, жарқын жұлдыздарды танытатын нағыз шығармашылық зертхана. Осы орайда театр мүшесі Жанна Мақсұтқызымен сұхбатты назарларыңызға ұсынамыз.

– «Алғашқы махаббат» қойылымының негізгі идеясы неде?

– Театрға лайықталған пьесаның авторы – Қанат Жүнісов, қоюшы режиссері – Атырау жастар театрының әртісі Қуаныш Хайруллин. Бұл қойылымның басты мақсаты – көрерменге мек-

теп қабырғасындағы қызығы да, шыжығы да мол қайта келмейтін сәттерді бір сәтке болсын ойға оралту, әр адамның жан сарайындағы жылы естеліктерді жандандыру.

– Рөлге дайындалу барысында қандай да бір қиындықтар кездесті ме?

– Бұл қойылым комедия жанрында болғандықтан, рөлді зерттеу ізденісті қажет етеді. Дайындық басталған уақытта рөлді бірден сезініп, алып кеттік деп айта алмаймын. Әр кейіпкерге жан бітіріп, образын ашу керек екенін түсіндік. Өз кейікеріме келетін болсам, директор образын уақыт өте келе жақсы көріп, ізденіп, өз мінезіммен, болмысыммен үйлестіруге тырыстым. Сахна сыртында да басқа кейіпкерлермен директор ретінде сөйлесіп, өзімді дайындадым. Тіпті бір қызығы, қазіргі уақытта осы директор рөлінің кейбір мінез-құлқы бойымда қалып қойған сияқты сезіледі. Талапшылыққа, уақытпен санасу, байсалдылық сынды қасиеттер кейде бойымнан өзінен өзі табылып жатады.

– Қойылымнан кейінгі жеке әсеріңмен бөліссең...
– Алған әсерімді сөзбен жеткізу қиын, сірә. Көрерменнің оң көзқарасы, қошеметі екі есе шабыттандырады, күш-қуатыңды арттырады. Тіпті шаршау, қажуды, бәрін ұмытып, қойылымнан кейінгі әсерден біраз уақыт шыға алмай жүрдім. Театр болып бірге талқылап та үлгердік. Ең бастысы – комедия жанрының үдесінен шығып, патша көңіл көрерменнің ризашылығын алдық деп ойлаймын.

Гүлханым ТАЛҒАТҚЫЗЫ,
«Журналистика және ақпарат»
ББ 3-курс студенті





ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖОБАЛАР КӨРМЕСІ ӨТТІ

«Таза Қазақстан» жалпыұлттық экологиялық акциясы – бүгінде қоршаған ортаны қорғауға бағытталған басты шаралардың біріне айналды. Акция аясында Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті студенттерінің экологиялық мәселелерді шешуге арналған инновациялық жобалар мен креативті арт туындылар көрмесінің БАҚ өкілдеріне презентациясы өтті.

Іс-шараға журналистер, профессор-оқытушылар мен студенттер қатысты. Экологиялық мәселелерді шешуге атсалысуды көздейтін көрменің мақсаты – қазақстандықтарды табиғатқа қамқор болу идеясының төңірегіне біріктіре отырып, оң нәтижеге жету үшін студенттік ғылыми жобалар мен экологиялық саладағы зерттеу нәтижелерін тарту.

Көрме барысында Дмитрий Ургарчев пен Азиза Жиенбаеваның авторлығымен «Күкірт қалдықтарынан күкірт бетонын жасау», Дильназ Досмұхамбетова мен Дмитрий Ургарчевтің авторлығымен «Биопластик жасау», Батырхан Қазбағаров, Диар Жолдасқали, Мұратбек Сабидолланың авторлығымен «Темекі қалдықтарын пайдалана отырып, тас төсеніштер

өндіру», Ақмарал Сағынғалиева, Жамила Ахмадиева, Шұғыла Аманкелді және Іңкәр Мұқанованың авторлығымен «Шыны қалдықтарын пайдалана отырып, эпоксидті шайырдан бұйымдар жасау» жобалары көпшілікке таныстырылды.

«Темекі қалдықтарын ешкім өңдемейді. Біз соларды жинап алып, құрылысқа қажетті бұйымдарды жасаймыз. Ол үшін бізге керегі тек темекі тұқылы, әйнек қалдықтары және топырақ. Ең жақсы нәтижеге жету үшін топырақты әртүрлі жерден аламыз. Темекі тұылдарының радиоактивті химиялық улы заттар бөлінетіндіктен, біз оларды пайдаға жаратып, бір жағынан еліміздің экологиясына өз үлесімізді қосып жатырмыз» – деді жоба авторларының бірі Мұрабек Сабидолла.

«Шыны қалдықтарын пайдалана отырып, эпоксидті шайырдан бұйымдар жасау» жобасының авторлары қалдықтардан бұйымдарды жасау барысын көрсетіп, шеберлік сағатын өткізді.

«Біздің мақсатымыз – шыны қалдықтарын кәдеге жарату. Шыны қалдықтарын уату арқылы әйнекке екінші өмір сыйлап, эко бұйымдар жасау табиғатқа зиянсыз. Бұл жобамыз экологиялық

мәселелерді шешіп қана қоймай, ұйымдасып жасаған төртеуіміздің де шығармашылық тұрғыдан шыңдалуымызға пайдасын тигізді», – деді жоба авторларының бірі Ақмарал Сағынғалиева.

Бұл жобалар студенттердің теориялық білімдерін тәжірибемен ұштастыра отырып, өңірдің өзекті экологиялық проблемаларын шешуге қосқан үлесі ретінде бағаланды.

«Сіздер экологиялық мәселелерді шешіп қана қоймай, экология мәселесіндегі инновация мен шығармашылықтың күшін көрсеттіңіздер. Атырау университеті сіздерді мақтан тұтады, және сіздерге қаржылық, әдістемелік және ұйымдастырушылық қолдау көрсетеді ден сенемін. Сіздердің еңбектеріңіз – еліміздің жарқын болашағына қосылған үлес және бастамаларыңыз басқаларды да шабыттандыратынына сенімдімін!», – деп жас өнертапқыштарға ризашылығын білдірді қауымдастырылған профессор Мансия Есенаманова қорытынды сөзінде.

Іс-шараның жалғасы ретінде атыраулық жастар университеттің Жайық өзені жағалауы жағында тазалық жұмыстарын жүргізді.



Меншік иесі: Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті